

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ  
ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ИМЕНИ С. ТОРАЙҒЫРОВА**

**ЖҰМАТ ТҰРҒЫНБАЙҰЛЫ ШАНИННИҢ 125 ЖЫЛДЫҒЫНА  
АРНАЛҒАН «ТЕАТР. МӘДЕНИЕТ. РУХАНИЯТ. ҚАЗІРГІ ЗАМАН» АТТЫ  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ  
РЕСПУБЛИКАНСКОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
«ТЕАТР. КУЛЬТУРА. ДУХОВНОСТЬ. СОВРЕМЕННОСТЬ»,  
ПОСВЯЩЕННОЙ 125-ЛЕТИЮ ШАНИНА ЖУМАТА ТУРГУНБАЕВИЧА**

**ПАВЛОДАР  
2017**

ӘОЖ 792 (574)  
КБЖ 85.33 (5каз)  
Ж 81

**Редакция алқасының бас редакторы:**

**Ахметова Г. Ғ.**, филос.ғ.к., С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры

**Жауапты редактор:**

**Ержанов Н. Т.**, б.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректоры

**Редакция алқасының мүшелері:**

Ақышев А. А., Быков П. О., Бегімтаев Ә. І., Қожамжарова М. Ж., Мерғалиев Д. М.

**Жауапты хатшылар:**

Абдалимова Ж.С., Коспаков А.М., Жаябаева Р.Г., Тайбупенова А.А., Шаймерден А.Ә., Хан А.А.

**Главный редактор редакционной коллегии:**

**Ахметова Г.Г.**, к.филос.н., ректор Павлодарского государственного университета имени С. Торайғырова

**Ответственный редактор:**

**Ержанов Н.Т.**, д.б.н., профессор, проректор по научной работе и инновациям Павлодарского государственного университета имени С. Торайғырова

**Члены редакционной коллегии:**

Ақишев А.А., Быков П., Бегімтаев А.И., Қожамжарова М.Ж., Мерғалиев Д.М.

**Ответственные секретари:**

Абдалимова Ж.С., Коспаков А.М., Жаябаева Р.Г., Тайбупенова А.А., Шаймерден А.Ә., Хан А.А.

**Ж 81** Жұмат Тұрғынбайұлы Шаниннің 125 жылдығына арналған «Театр. Мәдениет. Руханият. Қазіргі заман» атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. Материалы Республиканской научно-практической конференции «Театр. Культура. Духовность. Современность», посвященной 125-летию Шанину Жумату Тургунбаевичу – Павлодар : С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2017. – 117 б., – Павлодар : ПГУ имени С. Торайғырова, 2017. – 117 с.

ISBN 978-601-238-778-0

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.  
Мақала мазмұнына автор жауапты.

Сборник адресован широкому кругу читателей.  
Ответственность за содержание статьи несет автор

ӘОЖ 792 (574)  
КБЖ 85.33 (5каз)

ISBN 978-601-238-778-0

© С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2017

**С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры, филос.ғ.к., Г. Ахметованың алғы сөзі**

**Армысыздар қадірменді, жерлестер, құрметті әріптестер!**

Киелі Кереку өңірінде, соның ішінде бағыналы Баянауыл топырағында қазақтың маңдайына біткен талай дарынды тұлғалар дүниеге келді. Соның бірі қазақтың қабырғалы қаламгері, көрнекті драматург, талантты режиссер, Қазақ КСР-інің халық әртісі Жұмат Шанин Тұрғынбайұлы. Биыл жерлесіміздің туғанына 125 жыл толып, Павлодар жұртшылығы аса үлкен махаббатпен, ыждахатпен еске алуда.

Енді Жұмат Шанин деген кім дегенге қысқаша тоқталып өтейін. Ол ұлттық профессионалды театр өнерінің негізін салушылардың бірі, қоғам және театр қайраткері. Ол 1892 жылы Павлодар облысы Баянауыл ауданының Желтау маңында дүниеге келген. Алғашында ауыл молдасынан оқып, хат таныды. Жас кезінен ұлттық өнерге яғни, ән айтып, күй тартуға ынтық болып өскен. Әсіресе, Қоянды жөрмеңкесіне барып, халық думанын тамашалауы сәті – оның ой-қиялын қозғап, өнерге деген ынта-ықыласын арттырады. Туған нағашысы Алтыбайдан ән салып, домбыра тартуды үйренді. 1913 жылы Омбыға келіп, күнкөріс қамымен біраз уақыт зауытта жұмыс істейді. Мұнда С. Сейфуллинмен, Н. Нұрмақовпен және Б. Серкебаевпен танысады, әрі өз бетінше оқып білімін жетілдіреді. 1915-1916 жылдары есепшілік курста оқып бітіргеннен кейін зауытта қызмет етеді. Одан туған ауылына 1917 жылы оралды. Сол жылдан бастап Қарқаралының уездік кооперативінде есепші қызметін атқарды. 1921–1922 жылдары Павлодар уезі комитетінің мүшесі, 1922 жылы Зайсан уездік атқару комитетінің төрағасы, 1923 жылдан Семей губерниясы атқару комитетінің мүшесі болып, тағы басқада жауапты орындарда қызметтер атқарған. Ол режиссерлік өнер жолын Семейде бастады. Алғаш рет өзі жазған «Ақалық батыр» пьесасы мен Сәкен Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарларын» қойды. Тіпті, өзі де басты рөлдерде ойнады. Ж. Шанин Қазақстандағы тұңғыш ұлт театрының негізін салып, оны ұйымдастырып, сондай-ақ профессионалдық тұрғыда қалыптастырып, шығармашылық жағынан өсу жолында зор еңбек сіңірді. Ол осы саладағы кемшіліктерді де бір кісідей көтере білді. Бұл мәселелер «Қазақтың мемлекеттік театры», «Мемлекет театрының әртістері», «Қазақстан мемлекеттік театры», «Театр

тарихынан», «Сахна техникасын меңгерейік», «Сахнада шындықты тану» атты әр жылдары баспасөз беттерінде жарияланған мақалаларында жан-жақты қамтылды.

Жұмат Шанин қазақтың ұлттық өнерін ұлттық мәдениетін қайта қалпына келтіруде зор еңбек сіңірді. Айтар болсақ, халық би өнерін қолға алып, «Киіз басу», «Қоян-бүркіт», «Өрмек», «Шашу» секілді тағы басқа билерді музыкалық спектакльдерде пайдаланды. Сонымен қатар, оның әншілік қыры да бір төбе. А. Затаевич кезінде Жұмат Шаниннің орындауында бірқатар халық әндерді жазып алды. Өзі де ән-күйлерді нотаға түсірді. Шанин шығармашылығын Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Ғ. Мүсірепов секілді ұлыларымыз жоғары бағалаған. 1972 жылы Шымкент драма театрына Ж. Шаниннің есімі берілді.

Құрметті, жерлестер Жұмат Шанин барша қазақ халқына ортақ тұлға. Қазақ өнерінің, мәдениетінің дамуына айрықша үлес қосқан аса ірі қайраткер. Бүгінгі жас ұрпаққа, яғни, мектеп, колледж және жоғарғы оқу орын студенттеріне оның өмірі мен шығармашылығы жөнінде көп мағлұмат беру керек. Биылғы 125 жылдық мерейтойыны құрметіне осындай игі істер атқаратын болсақ, ұрпақ алдындағы парызымыз орындалары анық. Назар салып тыңдағандарыңызға рахмет!

## Уважаемые гости! Дорогие друзья!

Сердечно рада приветствовать вас в стенах Павлодарского государственного университета имени С. Торайгырова!

Поздравляю вас всех с открытием Республиканской научно-практической конференции «Театральное искусство Казахстана в пространстве мировой художественной культуры».

В этом году мы отмечаем 125-летие выдающегося режиссера, драматурга, одного из основателей казахского национального профессионального театрального искусства, Народного артиста КазАССР Шанина Жумата Тургынбаевича.

Жумат Шанин был рожден для больших открытий, он стал первопроходцем и первооткрывателем казахского народного театра. Благодаря его личным усилиям в Казахстане активно начала развиваться драматургия и режиссура, он сумел зазечь звезду казахстанского театра и вывести его на профессиональный уровень.

Он родился в далеком 1892 году в Баянаульском районе Павлодарской, области, на земле, которая дала миру своих героев: первого казахского академика, крупнейшего учёного-энергетика, первого казахского кинорежиссёра, многих деятелей науки и искусств.

В 1912 году Жумату Тургынбаевичу стало тесно в маленьком ауле, и он, как представитель активной молодежи отправился в Омск, где в тот момент кипела общественная жизнь, собирались представители разных направлений и проводили дискуссии. Жумат Шанин, находясь под влиянием окружающих его людей, начал активно заниматься самообразованием. Знакомство в Омске с С. Сейфуллиным, Н. Нурмаковым и Б. Серкебаевым во многом определило его дальнейший путь.

Во многом Жумат Тургынбаевич был первым. В 20-х годах в постановке «Аркалык батыр» дебютировал сразу в трех ролях, как режиссер, актер и драматург. В 1925 году возглавил созданный им первый казахский театр драмы В 1931 году Жумата Шанина первым за всю историю признали Народным артистом КазАССР.

В родном театре он осуществил постановки национальной и классической драматургии, расширяя тем самым аудиторию зрителей. При постановке пьес казахских драматургов, Ж. Шанин широко пользовался этнографическими и бытовыми красками, вводил в пьесы казахские национальные песни и кюи, особое внимание уделял реквизиту, декорациям, костюмам.

Совместные с К. Жандарбековым постановки стали грандиозным событием для казахстанской труппы. Это был важный шаг, который позволил казахскому театру заявить о себе.

На сегодняшний день имя Ж. Шанина заслужено присвоено Южно-Казахстанскому областному драматическому театру в Шымкенте.

Имя Жумата Шанина вписано в историю Казахстана и является нашей гордостью. Наш долг – помнить и хранить наследие великих соотечественников и земляков.

Желаю участникам конференции успешной и плодотворной работы!

**С. Торайгыров атындағы  
ПМУ ректоры, филос.ғ.к**

**Г. Ахметова**

## ПЛЕНАРЛЫҚ ОТЫРЫС ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

### САХНАНЫ САРАЛАҒАН САРДАР

САҒЫНДЫҚҰЛЫ БЕКЕН

ф.ғ.д., профессор, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты,  
Павлодар қ.

Қазақтың кер мандай ұлы шырылдап дүние есігін ашқанда, бүкіл Баянауыл таулары дүр сілкініпті. Қаратал атты шағын қыстақтың тумасы кейіннен қазақтың тұңғыш режисері боларын, сахнаны сырттан бақылайтын сардарға айналарын сезгендей ма екен, кім білсін? Бұл біз қозғайтын бір ғана лауазымы. Ал халық берген лауазымдарын санасаң саусақ толады. Айтып-айтпай не керек, Желтау тауының баурайында жатқанда-ақ, тағдыры мандайына жазды ма екен, қазақ елінің шығысынан бастап (Зайсан), оңтүстігіне дейінгі аралық (Шымкент), тіпті сонау Алатаудың ар жағындағы айырқалпақтылардың еліне де табаны тиген екен.

Сұлу жүзді, қере қарыс мандайлы азаматқа тағдыр түк білдіртпей жарық өмір сыйласа да, қоғамда болатын қилы-қилы текетірестердің бәрін төндіріп тұрыпты. Оқитын ойы болғанымен, төлейтін тиыны жоқ Жұмат Омбыға топ етіп (1913), зауыттың қара жұмысына араласады. Таласып-тармасып бухгалтерлік курсты бітіреді (1916). Кері кеткен кердері заманның тағы бір бекіткені сол, қара дорбасын арқасына салып, патшаның әскер алу жарлығына сәйкес майданға кетеді. Дәм татары бар екен. Бірақ бәрібір де Шананың немересі Жұматқа бар-жоғы қырық алты жас бұйырған. Тағы бір жанға мұң ұялатыны «Күркелінің бауыры күнде дауыл» деп жырлаған Көтеш ақын сөзінің ауыспалы мағынасында қайта-қайта бұрқырап тұрғаны. Күркелі ауылдық округінің орталығы Жұмат Шанин есімімен 1993 жылы аталған. Кейіннен қайта алмасулардан өтіп, саңлақ есімі туған ауылына бітпей әлек болды. Тек биыл соның сәті түскен сияқты. Мұндайда Оңтүстік Қазақстан облысының театрына берілген Жұмат Шанин есіміне «бәрекелді» деп қол соғамыз. Осындайда өзімізге келгенде өгіз қара күштің де күші жетпей жатқанына лағынет айтасын.

Жұмат Шанин кім еді? Режиссер, актер, драматург, театр және қоғам қайраткер, тіпті, Қазақстанның халық әртісі атағына да 1931 жылы ие болған екен. Ол негізінен, ұлттық кәсіби театрдың негізін салушылардың бірі. 1920 жылы Семейде «Ес-аймақ» труппасын

кұрып, режисерлік өнер жолына осылай түседі. «Бала Жұматтың ән-жырға, ойын-сауыққа әуестігін сезген нағашысы Алтыбай той-домалаққа барса қасына ертіп жүреді. Әрі домбырамен ән салып, күй тартатын нағашысы Жұматқа домбыра тартуды үйретеді. Әншілер мен күйшілердің, ойын қуған сауықшылардың базарына айналған Қоянды жәрмеңкесіне алғаш рет атасы Шана ертіп апарды. Қазақтың ұлан-ғайыр жерінен жиылған өнер иелерін көріп, олардың ән-күйлерін, ойындарын тамашалау жас Жұматқа ерекше әсер беріп, өнерге деген талпынысына қанат бітіреді» – дейді М. Мұсағитов

Бір абзацтық көлемдегі мәтінде Ж. Шаниннің бар қыры ашылмаса да, оның бойындағы ізгі қасиеттерін білдіретін санаттар толып жатыр. Мәселен, ән-жыр, ойын-сауық, той-томалақ іспетті қос сөз түрлері «Халық көп жиналатын салтанатты, қуанышты мереке, мейрам» мағынасын берсе, қазақтың халық аспабы домбыра сөзімен іркес-тіркес жүретін ән салу, күй тарту, сауықшы сөздері өзінше мән-мағыналы сөздер. Ал Қоянды жәрмеңкесі тек қазақ емес, басқа да ел саудагерлерінің бас қосатын орны. Мұндай жер, әрине, өнерге жақын жас Жұматтың қанат серпуіне әсер етті. Тегі, ол осы бір күйді онан кейінгі саналы өміріне серік етті.

1920 жылдар ішінде Ж. Шаниннің мәдени-ағарту саласында еңбекке барынша көңіл аударғанын көреміз. 1922 жылы сахналанған С. Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлар», М. Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесалары Жұматтың режиссурасымен қойылады. 1924 жылдың қаңтар айында ұлттық театрымыздың дамуына көп үлес қосқан пьесасы «Арқалық батыр» клуб сахнасына шығады. Осы қойылымды сахнаға шығарудағы бір қызықты әңгімені З. Ақышев былайша жеткізген екен: «Ол кезде үлкен қағазға афиша жазып, күні бұрын көшеге іліп қою әдетке айналмаған. Жұмат «Арқалық батырдың» клубта қойылатынын халыққа былайша хабарлап еді. Жұрттың көп жиналатын жері, әрине, жайма базар. Жүмекен астына ауыздығымен алысқан боз шұбар ат мініп, үстіне батырдың киімін киіп, сауыт-сайманын асынып, базарға шауып кіреді. Бұрын мұндайды көрмеген халық опыр-топыр шуласты да қалды. Кешке қарай ойын басталарда клубтың ішіне сол кешегі кара құрымдай адамдар сыймай кетті. Бұл да режисерлік тапқырлықтың бірі еді».

1926-1932 жылдары қазақ академиялық драма театрында ұлттық драматургиядан С. Аблановтың «Күндеспейтін қатындар» мен «1916 жыл», А. Шаниннің «Болат», І. Жансүгіровтің «Кек», Б. Майлиннің «Майдан», М. Әуезовтің «Октябрь үшін» және классикалық туындылардан А. С. Пушкиннің «Тас мейман» мен «Сараң сері»,

У. Шекспирдің «Гамлетін», сонымен қатар өзі жазған «Торсықбай», «Арқалық батыр», «Баян батыр», «Шахта» шығармаларын қойған. «Торсықбай» пьесасы 1925 жыл 6 сәуірінде Мәскеу театрында сахналанған.

«1926-1927 жылғы театр маусымы ашылды, – деп еске алады Құрманбек Жандарбеков. – Тап осы кезде Жұмат Шанин театрға әрі директор, әрі көркемдік жағынан басқарушы болып келеді. Әйелі Жанбике женгей, баласы Раупбек және кішкентай немересі Қасымхан бар. Жұматтан бұрын екі директорымыз болған, екеуі де көркемөнерге қатысы жоқ адамдар. Ал Жұмат ағай ше? Бұл нағыз өнер үшін жаратылған жан екен. Өзі режиссер, драматург, домбыра тартады, скрипкада ойнайды, нота таниды, білімді және мерген, сері мінезді сал жігіт. Бір адамға өнер бітсе, осындай-ақ бітер. Жұматтың жібектей мінезі, адам танығыштығы, бауырына тартып баулуы, көркемөнерді сүюі, өнерпазды құрметтеуі, бәрі-бәрі өз басынан табылады».

Театр жұмысын табалдырығынан бастаған Жұмат Шанин қаражатпен қатар дайын актерлардың жоқтығына қарамастан, пьесалар дайындығын актерларды оқыта отыра жүргізген. «Жұматтың қолға алуымен ашылған бұл мектепте қазақ театрларының жұлдыздары, сол кездегі жастар Қалибек Қуанышбайұлы, Серке Қожамқұлұлы, Құрманбек Жандарбекұлы, Елубай Өмірзақұлы, Абылқай Абдоллаұлы, Әміре Қашаубайұлы, Иса Байзақұлы, Жүсіпбек Оспанұлы, Латып Әшкейұлы, Зура Жандарбеккеліні, Жанбике Шанакеліні, Хадиша Қожамқұлкеліні, Оразке Қашаубайкеліні, Шарбан Байзақкеліні, Балабекұлы Бісімілдә театр дүниесінің сырын ашуды алдарына міндет етіп қойған». Байқап отырсақ, берісі Қазақстанға, әрісі Еуропаға танылған атпал азаматтардың есіміне қанығамыз.

Ал 1930 жылдардағы кара түнек Ж. Шаниннің басына төнеді де, 1938 жылы 26 ақпанда ешқандай тергеусіз «халық жауы» деген жаламен Іле өзенінің жағасында атылады. Демек, Ж. Шанин өз ісімен он-он бес жыл ғана өмір сүрді. Сонысының өзі халық жадында сақталуына еш бөгет болған жоқ. Тіпті, ол қуғынға ұшырап, қырғыз асқанда да төл өнер, мәдениеттің ұшар шыңы театрды серік еткен екен.

## ЖҰМАТ ТҰРҒЫНБАЙҰЛЫ ШАНИНІҢ ӨМІРБАЯНЫ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

ДҮКЕНБАЙ Н. С.

кауымд. профессор (доцент), С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Тәуелсіз Қазақстанның экономикасы, ауыл шаруашылығы, мұнай өндірісі тағы сондай салалар дамып, көркейіп келеді. Қазақстанды дүние жүзі билетін болды. Дамыған мемлекеттер арасында орын алып келеді.

Осындай жетістіктерді кім жасады? Әрине халық, Қазақстандықтар. Сондықтан халықтың қамын, жастардың болашағын ойлау керек деген оймен біздің Президентіміздің бағдарламалы мақаласы сәуір айында шықты «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». Расында: енді қоғамның, санамыздың өзгеруі туралы жағдай жасау керек. Оның ішінде халықтың (болашақ ұрпақтың) рухани жаңғыруы.

Неге біздер Жұмат Шанинді аузымыздан тастамаймыз, қандай еңбегі бар, Қазақстанның қамын ойлап, халықты рухияты жолында 1938 ж. өмірін қиды, репрессияға ұшырап Алматы маңайында атылды.

Ж. Шаниннің өмірі мен шығармашылығын зерттеп біздерге жеткізген Ұлттық академиясының академигі (марқым) Рымғали Нұрғали, әсіресе «Арқалық батыр» туралы. Оған дейін, қазіргі уақытта кімде кім жазып жүр десек. Расында профессор, доктор Әшірбек Сығаевтің үлкен кітәбі бар.

Сондықтан, бүгін біздер жиналып отырған себебіміз: Жұмат Шанин туралы әңгіме, 125 жылдығы.

Шанин Жұмат Тұрғынбайұлы (1892, қазіргі Павлодар обл. Баянауыл ауд. Желтау а. – 26.02.1938 ж. Алматы қаласының маңында атылған) – режиссер, актер, драматург, қазақтың ұлттық профессионалды театр өнерінің негізін салушылардың бірі, қоғам және театр қайраткері, Қазақ АКСР-інің Халық артисі (1931).

Кедей шаруа отбасында дүниеге келген. Алғашында ауыл молдасынан оқып, ескіше хат таныды. Жас кезінен өмір теперішін көп көрсе де, Шанин ұлттық ойын-сауықтар мен ән-күйлерге ынтық болып өсті.

Туған нағашысы Алтыбайдан ән салып, домбыра тартуды үйренеді. Әсіресе Қоянды жәрмеңкесіне барып, халық сауыққойларының думанын тамашалау оның ой-қиялын қозғап, өнерге деген ынтық кыласын арттырды.

1913 жылы Омбы қаласына келіп, күн көріс қамымен біраз уақыт зауытта жұмысшы болады. Мұнда С. Сейфуллин, Н. Нұрмақов және Б. Серкебаевпен танысады, әрі өз бетінше оқып, білімін жетілдіреді.

Қараңдаршы, сол кезде өзі домбырада жақсы ойнап, домбыраны насихаттай жүре, орыстың мондолында (мондалина) ойнауын үйреніп алды және Европалық скрипка аспабын меңгеріп, ойнауын білген. Бұл сол кездегі, сол дәуірдегі Ж. Шаниннің руханилығы. Сол 1915–1916 жылы бухгалтер курсына оқыды. Осы жылдары алғаш рет қалалық театр спектакльдерін көреді. Қалалық театр спектакльдерін көреді. Көп ұзамай, патша үкіметінің жарлығымен Шанин майдан жұмысына тартылады. Туған ауылына 1917 жылы оралады. Сол жылдан бастап Қарқаралыда, Павлодарда (1921-1922), Зайсанда (1922) және Семейде (1923) ҚазАКСРОАК мүшесі болып, т.б. қоғамдық жауапты орындарда қызмет етті. Саяси-әлеуметтік және қоғамдық істерге белсене қатысу Шаниннің ой-өрісін кеңейтіп, кейінгі режиссерлік әрі жазушылық қызметіне игі ықпал жасады.

1920 жылы Семейде «Ес-аймақ» труппасын басқарды. Режиссерлік өнер жолын осы труппадан бастаған. Мұнда Шанин өзінің жазған «Арқалық батыр» және Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлар» пьесаларын сахналап, өзі Еркебұлан мен Арқалық батырдың ойнады. Бір бөлімді «Торсықбай» комедиясы 1925 ж. Семейдің «Таң» журналында жарияланды.

Бір қызығы, Семейде М. Әуезовтің «Енлік – Кебек» пьесасын қоймақшы болады, Ж. Шанин белсенді қатысып, М. Әуезовпен байланыста болып, қалай қою керек, сахналық мәдениеті қалай болу керек, режиссурасы қалай болу керектігін М. Әуезовқа ақыл-кеңеспен алысқан.

1926 жылы Шанин тұңғыш ашылған кәсіби қазақ драма театрының құрамында болып актерлік, режиссерлік, директоры жұмыстарын атқарып және театрдың көркемдік жағын басқарды. Алғашында ұйымдастырушылық-шығармашылық қызметінен бастап Шанин актерлер мәдениетін көтеруге театр жұмысын белгілі бір жоспар бойынша жүргізуге, репертуардан тәрбиелік хәм идеялық-көркемдік сапасы жоғары драмалық шығармалардың орын алуына ерекше көңіл бөлді.

Бұл мәселелер «Қазақтың мемлекеттік театры» (1928), «Театр тарихынан» (1931), «Сахнада шындықты тану» (1935), т.б. мақалаларды көтеріліп, баспасөз беттерінде жарияланды.

1926-1932 жылы қазіргі Қазақ академик драма театрында ұлттық драматургиядан С. Аблановтың «Күндеспейтін қатындары»

мен «1916 жыл», А. Шаниннің «Болат», І. Жансүгіровтің «Кек», Б. Майлиннің «Майданын», М. Әуезовтің «Октябрь үшін» және класик туындылардан. А.С. Пушкиннің «Тас мейман» мен «Сараң сері» У. Шекспирдің «Гамлетін», сонымен қатар өзі жазған «Торсықбай», «Арқалық батыр», «Айдарбек», «Баян батыр», «Шахта» («Өлімнен үмітке») – бұл пьесаны М. Әуезов осылай атаған), т.б. шығармаларды қойды.

1927 жылы бір топ өнер шеберлерін бастап, Мәскеу қаласында өткен этнограф концертке қатысады. 1932-1933 жылы қазіргі Қырғыз академия драма театрының бас режиссеры болады.

Шанин қаламынан туған күрделі «Арқалық батыр», «Шахта» пьесалары 20 ғ-дың 30-жылдары республикада жаңа ұйымдаса бастаған көптеген қазақ театрларының (Семей музыкалы драма театры, Қарағанды облысы драма театры, Шымкент облысы драма театры, Жамбыл облысы драма театры) репертуарынан орын алды.

Шанин халық би өнеріне де көңіл аударып, «Киіз басу», «Қоян-бүркіт», «Өрмек», «Шашу», т.б. секілді билерді музыкалық спектакльдерде пайдаланды. А. В. Затаевич, Д. И. Ковалев пен Л. А. Хамиди Шаниннің орындауында бірқатар халық әндерін жазып алды; өз тұсынан да ән-күйлерді нотаға түсірді. (шынын керек, қандай әндер, күйлер анықтап таба алмадым (Затаевичтың 1000 әні).

1934 жылы ашылған музыкалық театрыды (қазіргі Қазақ акад. Опера және балет театры) ұйымдастыруға қатысып, Құманбек Жандарбековпен бірге Е. Г. Брусиловскийдің «Жалбыр», «Қыз Жібек» пен «Ер Тарғынын» қойды. 1936 жылға дейін осы театрыдың көркемдік жетекшісі болды.

Кезінде Шанинның шығармашылығын Әуезов, Қ. И. Сәтбаев, Ф. М. Мүсірепов, т.б. жоғары бағалады.

Шәкен Айманов, Қаукен Кенжетев, бігінгі күні Асанали Ашимов – біздер Жұмат Шаниннің шәкіртіміз дейді. Ал, атақты артист Серке Қожамқұлов: мені көп нәрсеге үйретті, қалай ойнау керек, сахналық мәдениетке, рольге беріліп, жан салып ойнауын көрсетті... дейді. (Жесқазғанда Серке Қожамқұловтың атындағы драма театры бар).

Қадрлардың жоғынан Ж. Шанинді Бишкектен Оралға жіберілді. 1936-1937 жылы Орал музыкалық драма театрының ұйымдастыруымен бірге оған басшылық жасады. Оның драматургиясы көптеген облыс театрылардың репертуарынан орындалды.

1972 жылы Шымкент облысы драма театрына және 1992 жылы «Южный» кеңшарына (Павлодар облысы) Шаниннің есімі берілді.

1973 ж. Қазақтың мемлекеттік академиялық драма театрында «Торсықбай» және «Айдарбек» комедиясы (реж. Әзербайжан Мәмбетов пен Қ. Р. Жетпісбаев), ал 1992 ж. Шымкент облысы драма театрында «Арқалық батыр» драмасы (реж. Ә. Т. Құлданов) қойылды.

Қорыта келе, бүгінгі Қазақстанның театрларының жағдайын айта кету керек: Қазақстанда 64 кәсіби театрлар бар, оның ішінде 34 драмалық театр, 15 кукла театры, 5 жастар көрермен театры (театр юного зрителя) және 3 «Опера және балет» театры, Алматы Абай атындағы «ОПЕРА ЖӘНЕ БАЛЕТ» театры, «Астана опера» және жаңадан ашылған «Астана балет» театры.

Жалғыз Алматы к. 16 театр мекемесі бар.

Енді бір статистика келтірейін: 2016 жылы – 13 743 спектакль қойылды, Репертуарында 3 461 қойылым болса, оның 406 жаңа спектакльдер. Жалпы театрға келген көрермендер саны – 2 351 400 адамнан асады: Алматы – 453 800; Астана – 305 500; Шымкентте – 290 100, Қарағандыда – 260 000 көрермен театр сахнасын тамашалады. Қазақстан театрларында Ж. Шанинның пьесалары қойылады: «Торсықбай» – комедия; «Айдарбек» – комедия; «Үш бажа»; «Жанды сурет»; «Қара құлып»; «Шахта» (Өлімнен үмітке); «Қозы Көрпеш и Баян сұлу»; «Арқалық батыр» – драма; «Баян батыр».

Бүгін, яғни 22.10.2017 біздің Аймаутов атындағы қазақ музыка театрында Ж. Шаниннің «Арқалық батыр» пьесасы қойылады, барайық баршамыз!

## ЖҰМАТ ШАНИННІҢ ТЕАТРАНУ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ КӨРКЕМДІГІ

ЗЕЙНУЛИНА А. Ф.

ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ. ИБРАЕВА Ә. Т.

Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қ.

«Бүгінгі күнді түсініп-түйсіну үшін де, болашақтың дидарын көзге елестету үшін де кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек» – деп Елбасы Н. Ә. Назарбаев айтқандай, кемел келешектің жарқын ғұмыры өткен тарихымызды саралап, жаңғырту, ұлы тұлғаларды дәріптеу болып саналады. Кешегі ел тарихы мен шежіресі, рухани мәдениеті бүгінгі қоғам үшін үлкен қазына, ұлықты өнеге. Осындай руханият мәдениетіне есімі алтын әріппен жазылатын тау тұлғалардың бірегейі – Жұмат Шанин.

Қазақ халқының ұлттық өнерінің дамуына зор үлес қосқан актер, музыкант, жазушы-драматург, еліміздің алғашқы режиссерінің бірі Жұмат Шанин туралы қанша жазып-айтсақ та артықтық етпейді.

Жұмат Шанин – қазақ сахнасына «Гамлетті», Пушкин шығармаларын әкеліп сахналаған, өз замандастары Сейфуллин мен Майлиннің, Әуезовтің шығармаларын қойған кәсіби режиссер. Ол алғашында Семей қаласында «Ес аймақ» деп аталатын театр труппасын құрады. 1924 жылы оның режиссура саласындағы алғашқы еңбегі «Арқалық батыр» пьесасы қала сахнасында қойылды. Ол кездегі қазақ зиялыларының бәрі дерлік театр төңірегіне жиналатын. Хамиди, Брусиловский, Затаевич секілді музыканттармен де тығыз байланыста болған. 1926 жылы Жұмат Шанин оқу-ағарту Халық Комиссариатының қаулысымен Қызылорда қаласына тұңғыш кәсіби қазақ театрының режиссері әрі директоры болып тағайындалады. Осылайша ол қазақ кәсіби театр өнерінің алғашқы қарлығашы деп танылып, есімі тарихта қалды.

Оның бойындағы терен, байыпты білім, тасыған талант, алғаусыз қабілет оны өз заманының алдыңғы қатарлы тұлғасына айналдырды, замандастары, достары қызыға қарайтын беделді жан болды. Содан болар, «Қазақтың халық әртісі» атағы бірінші рет 1931 жылы Жұмат Шанинге, сосын Елубай Өмірзақовқа берілген екен. 1936 жылғы Мәскеудегі қазақ өнері мен мәдениетінің онкүндік сапары Жұмат Шанин өмірінде өшпестей із қалдырды.

Саяси-әлеуметтік және қоғамдық істерге белсене қатысу Шаниннің ой-өрісін кеңейтіп, кейінгі режиссерлік әрі жазушылық қызметіне игі ықпал жасады. 1920 ж. Семей қаласында «Ес аймақ» труппасын басқарды. Режиссерлік өнер жолын осы труппадан бастаған Жұмат Шанин халық жыры негізінде жазылған өзінің «Арқалық батыры» мен С. Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарларын» (1922) қойды; сонымен қатар өзі осы аталмыш спектакльдерде Арқалық батырдың және Еркебұланнның рөлін орындады.

Бір бөлімді «Торсықбай» комедиясы 1925 ж. Семейдің «Таң» журналында жарияланды. Бұдан кейін ол қазіргі Қазақтың мемлекеттік академиялық драма театрының директоры (1926) болумен қатар оның көркемдік жағын басқарды. Жұмат Шанин Қазақстандағы тұңғыш ұлт театрының негізін салып, оны ұйымдастыруда, сондай-ақ профессионалдық тұрғыда қалыптастырып, сахналық-шығармашылық жағынан өсу жолында зор еңбек сіңірді. Алғашқы шығармашылық-ұйымдастырушылық қызметінен бастап Жұмат Шанин актерлер мәдениетін көтеруге, театр жұмысын белгілі бір жоспар бойынша

жүргізуге, репертуардан тәрбиелік һәм идеялық-көркемдік сапасы жоғары драмалық шығармалардың орын алуына ерекше көңіл бөлді. Бұл мәселелер «Қазақтың мемлекеттік театры», «Мемлекет театрының артистері» (1927), «Қазақстан мемлекеттік театры» (1928), «Театр тарихынан» (1931), «Сахна техникасын меңгерейік», «Сахнада шындықты тану» (1935) атты әр жылдары баспасөз беттерінде жарияланған мақалаларында жан-жақты қарастырылып қамтылды.

1927 жылы бір топ өнер шеберлерін бастап, Мәскеу қаласында өткен этнографиялық концертке қатысады, 1932–33 жылдары қазіргі Қырғыздың мемлекеттік академиялық драма театрының (Бішкек қаласы) бас режиссері болды. 1934 ж. ашылған музыкалық театрды (қазіргі Қазақтың мемлекеттік академиялық опера және балет театры) ұйымдастыруға қатысып, Қ.Жандарбековпен бірге Е. Г. Брусиловскийдің «Жалбыр», «Қыз Жібек» пен «Ер Тарғынын» қойды. Осы музыкалық спектакльдер Мәскеу қаласында өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігі кезінде жоғары бағаланды. 1936 жылға дейін осы театрдың көркемдік жағын басқарған Жұмат Шанин алғашқы музыка театр өнерінің қалыптасып дамуына да мол үлес қосты.

Жұмат Шанин қаламынан туған күрделі «Арқалық батыр», «Шахта» пьесалары ХХ ғасырдың 30-жылдары республикада жаңа ұйымдаса бастаған көптеген қазақ театрларының (Семей музыкалы драма театры, Қарағанды облысы драма театры, Шымкент облысы драма театры, Жамбыл облысы драма театры) репертуарынан орын алды.

Осы жылдары алғаш рет қалалық театр спектакльдерін көреді. Бірақ көп ұзамай-ақ, патша үкіметінің жарлығымен Жұмат Шанин майдан жұмысына тартылады; одан туған ауылына 1917 жылы оралды. Сол жылдан бастап Қарқаралыда, Павлодарда (1921-22), Зайсанда (1922) және Семейде (1923) және ҚазАКСР ОАК мүшесі болып, т.б. қоғамдық жауапты орындарда қызмет етті. Саяси-әлеуметтік және қоғамдық істерге белсене қатысу Шаниннің ой-өрісін кеңейтіп, кейінгі режиссерлік әрі жазушылық қызметіне игі ықпал жасады. 1920 жылдары Семей қаласында «Ес аймақ» труппасын басқарды. Режиссерлік өнер жолын осы труппадан бастаған Шанин халық жыры негізінде жазылған өзінің «Арқалық батыры» мен Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарларын» (1922) қойды; сонымен қатар өзі осы аталмыш спектакльдерде Арқалық батырдың және Еркебұланнның рөлін орындады. Бір бөлімді «Торсықбай» комедиясы 1925 жылы Семейдің «Таң» журналында жарияланды. Бұдан кейін ол қазіргі Қазақтың



мемлекеттік академиялық драма театрының директоры (1926) болумен қатар оның көркемдік жағын басқарды.

1926-32 жылдары қазіргі Қазақтың мемлекеттік академиялық драма театрында ұлттық драматургиядан Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарларын» С. Т. Аблановтың «Күндеспейтін қатындары» мен «1916 жылын», А. Т. Шаниннің «Болатын», І. Жансүгіровтің «Кегі» мен «Түркісібін», Б. Ж. Майлиннің «Майданын», М. О. Әуезовтің «Октябрь үшін» және классикалық туындылардан А. С. Пушкиннің «Тас мейманы» мен «Сараң серісін», У. Шекспирдің «Гамлетін», сонымен бірге өзі жазған «Торсықбай», «Арқалық батыр» (екі кешке арналған 2 бөлімді), «Айдарбек», «Баян батыр», «Өлімнен үмітке» («Шахта») т. б. шығармаларды қойды. Ұлттық төл туындыларды қоюда ән-күйлер мен тұрмыс-салттық, этнографиялық бояуды мол қолданды. Драмалық шығармадағы белгілі бір дәуір тынысы мен тарихи оқиға орнын, оған қатысатын кейіпкерлердің мінез табиғатын айқындап ашуда пайдаланатын әр түрлі сахналық реквизитке (зат-бұйымдарға), декорация мен костюмге (киім-кешектерге) ерекше ден қойды. 1927 жылы бір топ өнер шеберлерін бастап, Москва қаласында өткен этнографиялық концертке қатысады.

Жұмат Шанин сегіз қырлы бір сырлы талант иесі. Ол алғаш рет халық би өнеріне де көңіл аударып, «Киіз басу», «Қоян-бүркіт», «Өрмек», «Шашу», «Сұңқар», «Аққу», «Күстар қайтқанда», «Асау ат», «Ханталапай» сияқты т.б. қырықтан аса секілді билерді музыкалық спектакльдерде пайдаланды. А. В. Затаевич, Д. И. Ковалев пен Л. А. Хамиди Шаниннің орындауында бірқатар халық әндерін жазып алды; өз тұсынан да ән-күйлерді нотаға түсірді. Кезінде Ш. шығармашылығын Әуезов, Қ. И. Сәтбаев, Ф. М. Мүсірепов, т.б. жоғары бағалады.

Бүгінгі таңда Шанин Жұмат Тұрғынбайұлы туралы ғылымның филология, театр, мәдениет саласында зерттеуді талап ететін өзекті мәселелерді бірі. Бүгінгі күнге дейін аз да көп болса да біраз дүниелер жазылғаны хақ. Мәселен, Байсейітов Қ. Құштар көңіл [Мәтін] / Байсейітов Қ. – Алматы : Жазушы, 1977. – 223 б. Бел-белестер [Мәтін] : жинақ / құраст. Б. Құндақбаев. – Алматы : Өнер, 1987. – 288 с. Жақыпов Е. Дастаннан драмаға [Мәтін] / Жақыпов Е. – Алматы : Ғылым, 1979. – 176 б. Жүз тұңғыш [Мәтін] : жинақ. 2-ші кітап, 2005. – 352 б. Қазақ театрының тарихы [Мәтін]. Т. 1 / Қазақ ССР Ғылым Академиясы, М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. – Алматы : Ғылым, 1975. – 397 б. Қаратаев М. Қазақ совет әдебиеті [Мәтін] : Жоғары оқу орындарына арналған оқулық өңделіп, толықтырылып

екінші басылуы / Қаратаев М. – Алматы : Мектеп, 1971. – 610 б. Құндақбайұлы Б. Театр туралы толғаныстар [Мәтін] / Құндақбайұлы Б. – Алматы : Өнер, 2006. – 320 б. Құндақбайұлы Б. Заман және театр өнері [Мәтін] / Б. Құндақбайұлы. – Алматы : Өнер, 2001. – 520 б. Мұхамедханов Қ. Көп томдық шығармалар жинағы [Мәтін]. Т. 5 : Мақалалар. Зерттеулер, 2007. – 344 б. Нұрғали Р. Әуезов және алаш [Мәтін] : Әдебиеттегі ұлттық рух / Нұрғали Р. – Алматы : Санат, 1997. – 432 б. Сатаев, Амантай. Төл тарихымыздың тұнығынан [Мәтін] / А. Сатаев. – Алматы : Қайнар, 2009. – 240 Сығай Ә. Сахна саңлақтары [Мәтін] / Сығай Ә. – Алматы : Жалын, 1998. – 512 б. Сығай Ә. Актер әлемі [Мәтін]. Т. 1 / бас ред. Т. Ахметжан, 2008. – 272 б, т.б сияқты зерттемелер Жұмат Шаниннің Қазақ мәдениетіне зор еңбек сіңіргенін бағамдауға болады.

1917 жылдың 13 желтоқсаны – қазақтың алғашқы заманауи үкіметінің – Алашорданың дүниеге келген күні. Алашорда үкіметінің құрылып, XX ғасырдың басында қазақ даласында автономиялық биліктің болуы ұлт-азаттық қозғалыс тарихында елеулі кезең болып саналады. Ғұмыры ұзақ болмаса да қазақтың тұңғыш үкіметі құрылып, қазақ халқының мемлекеттікке лайықты ел екені паш етілді. Алаш арыстарының ең басты еңбегі – олар сол қиын уақытта толыққанды саяси партия мен үкімет құрып, өз халқының мүдделерін батыл қорғау жағына шыға алуында. Алаш қозғалысы заманалық маңызы бар құбылыс, оның идеялары мен бағдарламалары ұлттық мемлекеттікті қалыптастыруды мақсат етті. Ел тағдыры таразыға түскен сын сағатта Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жаһанша, Халел Досмұхамедовтер, Жұмат Шаниндер бастаған ұлт зиялылары қазақтың болашағы үшін шешуші қадам жасап, ұлы мұрат жолында ұланғайыр қайрат көрсетті.

Алаш зиялыларының Қазақ даласында ұлттық идеяны негіздегені жөнінде Елбасы Н. Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» кітабының «Алаш мұрасы және осы заман» атты тарауында: «XX ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. Олар қоғамның түрлі тарабынан шыққандар, әрі ең алдымен дәстүрлі дала ақсүйектерінің өкілдері еді. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамында зиялы қауым қалыптасуының ұрпақтар эстафетасы сияқты сипаты болғанын атап айтқан абзал» – деп көрсеткен болатын.

Ендеше, сол Алаш зиялыларының бірегейі Жұмат Шаниннің тұлғалық ғибратын тану мен танытуда үлкен жұмыстар атқарылуы қажет. Әсіресе, ұлт болашағы – Қазақ ұрпағы үшін танымдық шаралар көптеп жүргізілуі қажет. Мысалы, дәстүрлі түрде «Жұмат Шанин атындағы студент жастар театр фестивалін» өткізу, Театр күніне арналған дөңгелек столдар, ғылыми семинарлар, Халықаралық, республикалық ғылыми – конференциялар өткізу, Жұмат Шанин шығармашылығы бойынша диплом жұыстары мен магистрлік диссертациялар жазу арқылы қазақ театрінің тарихы мен оның негізін салушы тау тұлғалардың еңбегіне баға берілері сөзсіз.

Алаш арманы – бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан! Ендеше біз, әрбір азамат осы жүз жыл бұрынғы ұлттық ұлы идеялардың бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның да негізі ретінде берік орнығуына мүдделі болуға тиіспіз. Өйткені Алаш идеясы – ұлттық идеология! Ол отаншылдыққа, мемлекетшілдікке, бірлікке үндейді. Алаш партиясының басты бес бағыты: 1. Жерге ең алдымен қазақ ие болу керек; 2. Жердің асты-үстіңгі байлығын қазақ пайдалануы керек; 3. Өз өнімін өзі өндіретін ұлттық экономика; 4. Қазақ тілінің мемлекеттілігі, діні мен ділінің үстемдігі; 5. Білімнің дамуы, міне осы бес бағыт бір ғасырдан кейін, бүгін де өте өзекті болып отыр. Алаш идеясы – ұлттық идеология. Ендеше ұлт болып жұмылып, Алаш арманын іске асыруымыз керек. Біз бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның бастауында тұрған, елімізді алғаш ұлттық санаға көтерген Алаш арыстарын ардақтауымыз керек.

Өркениетті елдер тәжірибесі алдымен мемлекет құраушы ұлттың идеяларын шешеді. Онсыз ол ұлт елдегі басқа этностардың басын біріктірушілік сияқты қоғам үшін аса маңызды миссияны атқара алмайды. Бұл мемлекеттің ұлттық сипаты жағдайында ғана мүмкін бола алады. Жұмат Шанин де Қазақ өнерінің күретамырына ұлттық мүдде сипатымен адал қызмет жасап, Ұлт болашағы үшін Ұлт өнерінің рухани құндылықтарын терең игерген азамат ретінде қазір әлемдік деңгейден көріне алады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 **Нұрпейіс, Б.** «Қазақ театр режиссурасының дамуы мен қалыптасуы». – Алматы, 2005.

2 **Нұрғали, Р.** Діңгек. 1 том. – Алматы, 2010.

1 Секция. Қазақстанның дәстүрлі және қазіргі заманның өнері  
1 Секция. Традиционное и современное искусство Казахстана

#### МЕТОДИКА ПОСТАНОВКИ ГОЛОСА В ФОРМИРОВАНИИ ИСПОЛНИТЕЛЬСКОГО МАСТЕРСТВА СТУДЕНТА

АЙТПАЕВ Е. Х.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР

ТАЙБУПЕНОВА А. А.

аспирант, Алтайский государственный университет, РФ

Индивидуализированное обучение мастерству академического пения, следует рассматривать как единственную и эффективную форму метода обучения студентов и, следовательно, наиболее оптимальное применение индивидуального подхода, предполагающего изучение педагогом индивидуальных особенностей студентов.

Определив индивидуальные особенности студента педагогу по сольному пению необходимо разработать индивидуальный план или программу обучения, включающую индивидуализированные задания и вокальные упражнения, которые подкреплены выявленными индивидуальными качествами личности студента. Такого рода педагогическая диагностика индивидуальных профессиональных особенностей студентов необходима для формирования профессиональных качеств.

Определение «вокальной школы педагога», как универсального метода для всех обучающихся является ошибочным. Обучение вокальному искусству и особенно мастерству певческой техники звукового извлечения не может проходить без знаний характеристик индивидуальных особенностей студентов. Шаблонный обучающий подход педагога к студентам и единая система или схема учебных уроков для всего класса студентов, где каждый из них имеет собственный характер и мировоззрение, различные личностные качества, неодинаковые уровни профессионального довузовского образования, является малорезультативным. Педагогу необходим принцип индивидуального подхода с точно выверенной методической диагностикой профессионального уровня и мировоззрения, а также индивидуальных музыкальных особенностей студентов. Для диагностики индивидуальных способностей, возможно, применить апробированные способы:

– анкетирование;

- беседы и наблюдения;
- мониторинг повышения уровня усвояемости техники пения;
- фиксация психолого-педагогических наблюдений.

В вокальной педагогике индивидуальный подход указывает уровень возможности преодоления сложности музыкального материала, тем самым позволяя сформировать индивидуальную певческую нагрузку и требования к студенту. В зависимости от уровня профессионализма студента, возможно, варьировать выбором вокально-технических задач, заданий для самостоятельного изучения и соответственно эффективного использования времени, отведенного для занятий постановкой голоса.

Индивидуальный подход в процессе постановки певческого голоса академического жанра имеет очень большое значение. Освоение вокального мастерства является единственной формой обучения в практике подготовки солиста-вокалиста. Будущий певец-актер должен не только отлично владеть технической стороной мастерства в области певческого искусства, но и сформировать качества свойственные духовно богатой личности с высокой профессиональной музыкальной культурой.

Особенно качества духовно-богатой личности проявляются в исполнительском мастерстве камерной вокальной музыке. Поэтическое начало классического романса требует от исполнителя проникновенного отношения к тексту, поэзии и формированию естественно звучащей вокальной фразы. В формировании исполнительских качеств камерной вокальной музыки индивидуальный подход к личности студента необходим для раскрытия его особенных представлений и чувств содержания произведения и актерских проявлений для воплощения непосредственно в пении.

«Камерное искусство русской классической композиторской школы необычайно тонкое, насыщенное многочисленными оттенками эмоциональных человеческих проявлений. Любовная поэтическая лирика, вошедшая в музыкальную форму композиторов, требует особого осмысления, сопереживания, поиск художественных средств воплощения в исполнительстве. Воссоздание поэтической, драматической истории, содержащейся в вокальном произведении, требует анализа, обнаружения подлинности и истинности. Без такого анализа невозможно проникнуть в суть определенных обстоятельств в которых оказался герой произведения, в его эмоциональное состояние и, следовательно, определить характер певческого произношения. В таком случае не приходится рассматривать

глубокий художественный процесс. Вокальное произношение основывает на твердой убежденности певца в правдивости истории, поскольку без убежденности реализма исполнительство превращается в иллюстрацию» [1, с. 282].

В процессе индивидуальных занятий по вокальному искусству педагог более подробно касается вопросов истории создания изучаемого музыкального произведения, создания вокального образа героя песни, романса, арии, что непосредственно влияет на повышения качества средств выразительности. Таким образом, формируется вокальное мастерство, наполненное творческое исполнительским разнообразием и интонационным богатством, раскрывающим смысл музыкального произведения, представляющим индивидуальную актерскую характеристику студента.

Рассматривая форму индивидуального обучения академическому вокалу, мы еще раз подчеркнули положительные стороны единственного варианта постановки певческого голоса, что является известным и непоколебимым процессом. Однако следовало бы, рассмотреть возможность расширение полномочий педагога по вокальному искусству, который по существу дублирует изучаемые студентом предметы.

Постановка голоса – это выработка правильных голосовых, речевых, певческих навыков, развитие и тренинг голоса для профессиональной работы. Поставленный голос отличается звучностью, красотой звучания, богатством тембровой окраски, шириной диапазона, дыхания; четкостью произношения слов, чистотой интонации, малой утомляемостью. Способность певца управлять голосом равносильна умению художника пользоваться своей палитрой.

При постановке голоса работа мышц становится очень тонко дифференцированной, то есть расчлененной и упорядоченной. Образуются, вырабатываются нужные связи, рефлексy; ненужные – тормозятся, лишние движения и напряжения исчезают; формируются стойкие речевые и вокальные навыки, в результате которых голос должен звучать энергично, чисто, свободно. Человек, работающий над постановкой голоса, должен выработать острое внимание к своим мышечным ощущениям и знать, к какой группе мышц это внимание должно быть в первую очередь направлено.

«Человек, умеющий петь, знает наперед, т.е. ранее момента образования звука, как ему поставить все мышцы, управляющие

голосом, чтобы произвести определенный и заранее назначенный музыкальный тон», – писал И. М. Сеченов.

Методы постановки голоса могут быть разные, но все они опираются на общие принципы и этапы в работе: развитие и совершенствование дыхания; приобретение понятий и навыков в использовании резонаторов, позиции (зевка), атаки звука; овладение техническими вокальными приемами; работа с артикуляционным аппаратом.

Когда каждый орган работает в свойственной ему области, не мешая работе других органов, то голос как бы питает все части исполнения и соединяет различные детали речи или мелодии в один полный и непрерывный ансамбль. Если же наоборот, один из механизмов выполняет свои функции плохо: если грудь толкает или бросает дыхание, если голосовая щель работает недостаточно твердо и точно, то голос прерывается и слабеет после каждого слога. Контроль над координацией всех сложных процессов при постановке голоса осуществляется мышечными, резонаторными ощущениями и слухом. Поэтому так важно научиться быть внимательным. Надо слушать себя и ухом, и всем телом.

Начальный этап обучения не терпит суеты и спешки. Воспринять, понять требования, координацию всех процессов должен весь организм, а не только сознание и воля, хотя от этих качеств зависит очень много.

Человеческий голос – «живой музыкальный инструмент» во много раз сложнее, чем скрипка или фортепиано, хрупок, капризен и подчиняется не только музыкальным, но еще и физиологическим законам. Для того чтобы «играть» на нем, нужно знать хотя бы основные его «технические» свойства».

Учеными экспериментально доказано, что физиологической основой так называемого вокального слуха является взаимодействие самых различных систем организма (слуха, мышечного чувства, вибрационной чувствительности, зрения и др.). Вывод звучит даже несколько парадоксально: вокальный слух – это не только слух.

Человек сам себя не слышит, вернее, слышит не так, как окружающие. Звук собственного голоса достигает наших ушей не только извне, но действует на слуховой орган и изнутри. И поэтому человек воспринимает тембр своего голоса иначе, чем окружающие. Именно этим певец отличается от других исполнителей (скрипачи, пианисты, виолончелисты), которые оценивают звучание своего инструмента с позиций «постороннего слушателя». Необходимо

учитывать, что одновременно со звуком собственного голоса наша нервная система воспринимает огромное количество сигналов (или раздражителей) от самых различных органов чувств.

«Ансамбль» этих ощущений имеет большое положительное значение, так как только при условии одновременного (скоординированного, одномоментного) восприятия сигналов от различных органов чувств и образования на этой основе условных рефлексов и обеспечивается для певца возможность овладения собственным голосом.

Возможность внешнего контроля голоса – это слушание магнитофонной записи, что помогает скоординировать слуховые и внутренние ощущения. Есть еще один положительный момент: привыкая к работе с магнитофоном, к звуку своего голоса, Вы будете меньше волноваться на записях и публичных выступлениях.

Можно сказать, что вокальный слух – это способность интерпретировать работу органов голосообразования на основе слухового восприятия. В известной мере этой способностью обладает любой, даже самый неискушенный слушатель. Свидетельством этому являются термины, которыми мы характеризуем недостатки голоса, или его достоинства: тяжелый, легкий, горловой, грудной, головной, утробный, глубокий, близкий, светлый, яркий, полетный, надсадный и тому подобное.

Интересное явление открыл биофизик П. П. Лазарев в 1905 г.: на свету звуки кажутся человеку более сильными, чем в темноте. Таким образом, была доказана взаимосвязанность слуха и зрения. Поэтому филармонические залы во время концертов должны быть хорошо освещены. Кстати, качество голоса мы часто оцениваем в зрительных категориях: солнечный, блестящий, яркий, сильный, темный, тусклый, плоский, матовый, круглый, узкий. Известны «цветовые» восприятия музыки у Н. А. Римского-Корсакова, А. Н. Скрябина, когда зрительные впечатления придают слуховым ярко выраженный эмоциональный характер: композитор пишет не то, что слышит, но и то, что видит.

Вокальный слух – это способность не только слышать, но и «видеть», зрительно представлять себе работу органов голосообразования. В этой работе, конечно, помогает внимание, способность слушать свои ощущения и представлять эти процессы, то есть видеть «внутренним взором». Большую помощь оказывает контроль за собственным телом с помощью зеркала.

Как без прочного фундамента не бывает хорошего здания, так без хорошей вокальной школы не может быть хорошего певца, как бы

ни был он одарен от природы музыкальностью и эмоциональностью. В работе над голосом важна регулярность занятий и физическое состояние голосового аппарата поющего, да и всего организма в целом.

Педагог по вокальному искусству работает и над элементами актерского мастерства, привлекая историю музыки и театра, анализ музыкальной формы произведения. Возможно, что в целях рациональности в дальнейшем педагог по вокальному искусству расширит круг преподавательского диапазона предметов, которые дублируются педагогами-теоретиками. И в этом случае, возможно, создать различные педагогические технологии с привлечением цифрового пространства.

«Современная музыкальная исполнительская культура использует все доступные средства для достижения высоких профессиональных навыков. Совершенствуется система подготовки специалистов, и создается множество методов. Современные методы постановки академического профессионального певческого голоса рассматриваются как процесс с применением компонентов – современных средств компьютерных технологий» [1, с. 31].

Развитие информационных электронных систем (которые сегодня являются мощным источником предоставления знаний), возможно в будущем заменят лекционные, групповые занятия в аудиториях и отчасти поделят этапы прохождения образовательного процесса по некоторым общегуманитарным дисциплинам с педагогами по индивидуальным занятиям, урокам вокального искусства.

## ЛИТЕРАТУРА

1 **Белюсова, А. С.** Вокальная речь как основа русской школы пения. // Инновационные технологии в науке и образовании: сборник статей II Международной научно-практической конференции. Под общей редакцией Г. Ю. Гуляева. – 2017. – С. 281-283.

2 **Кизин, М. М.** Русская школа пения в цифровом перформансе // Интернаука: научный журнал. № 1 (1). Часть 1. – М. : Изд. «Интернаука», 2016. – С. 31-32.

3 **Баймульдина, Ж.** Как овладеть голосом // Краткое пособие по воспитанию профессионального певческого голоса. Алма-Ата : «Өнер», 1990.

## РУХАНИ ДАМУ ҚАЗАҚ САЛТ- ДӘСТҮРІНІҢ ҚАЙТА ЖАҒЫРУЫН НЕГІЗІ

КОМАРОВА А. К.  
ғылыми жетекші, «Жезқазған Бизнес және көлік колледжі» ЖМ, Жезқазған қ.  
САПАРОВ С. К.  
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің магистрі, студент

*Өмір сүру үшін өзгере білу керек.  
Оған көнбегендер тарихтың шаңына  
көміліп қала береді.*

**Н. Ә. Назарбаев**

Драматургия, театр – қазақ әдебиетінде жиырмасыншы ғасырдың басында әлеуметтік-қоғамдық факторлардың әсерінен пайда болған өнер түрі. Алайда қазақ театры, ең алдымен, сахнада емес, көшпелі жұрттың салтында кездеседі. Мұхтар Әуезов көрсеткендей, қазақ халқының салт-санасында, әдебиетінде театрға жақын, туыс элементтер айрықша мол болатын. Мәселен, жар-жар салт ойыны – қазақ халқының тұрмысында дәстүрлі театрдың болғандығын айқындайтын бірден-бір дәлел.

Театрдың дамуы фольклорлық, этнографиялық және халықтық өнер аясымен ғана шектелмейді. Ол дәуір тынысына, заман талабына ілесе отырып, үлкен шығармашылық ізденістерді тың бейнелеу арқылы көркемдік жинақылықты, шеберлікті, тума таланттықты талап етеді. Яғни сахна өнері – халық өнерінің айнасы

ғана емес, алуан салалы шығармашылық иелерінің бірлестігінен туатын ерекше өнер түрі.

Тұңғыш ұйымдасқан қазақ театрының көптеген қиыншылықтарын жеңіп, шығармашылық сапарының сәтті болуына, оның туып, дамуына мол үлес қосқан алғашқылардың бірі әрі бірегейі Жұмат Шанин болды. Ж. Шанин қазақтың мемлекеттік театрының бір жылдық жұмысына арнайы жазған мақаласында: «Қазақ театры не заманнан бері анасының құрсағында, атасының белінде, туар-тумасы белгісіз жүрген кезінде күнбатыстан Октябрьдің айы туып, сағайған қазақ даласын гүлдендіріп, қазақ еңбекшілерін кенелткенде, қазақ еңбекшілерінің өкіметі бес жылдық өмір сүрген кезде туып еді. Міне, бүгін бір жастан асып, екі жасқа аяқ басып отыр.

Қазақ театры жарық дүниеге жаңа келген жас бала, қатып бұғанасы өспеген, Октябрь нұрлы шуағына бойын қыздыған жас бала.

Қазақ театрының қолға алған жұмысы үлкен, жүгі ауыр, жолы алыс. Алыс жолға талмай-жалықпай жету үшін, қажымайтын теке жәуміт ат керек. Жол өтіп, күнге күймейтін түн керек. Еңбекті егізім деп таныған, ақылын жігерімен жаныған азамат керек», – дейді [2, 18 б.]. Мұндағы «еңбекті егізім деп таныған, ақылын жігерімен жаныған азамат» ретінде Ж. Шаниннің өзін тануға болады. Ол арнайы әдеби немесе өнер оқу орнын бітірмесе де, замана талабына қарай, өнер өрісін кең таныды, оған ерекше дем берді. Бойындағы таланты мен өнерге деген құштарлығының арқасында профессионалдық режиссураның озық үлгілерін, ілгері елдер театрының тарихын, драматургия теорияларын өз бетінше оқып-үйреніп, шығармашылық жұмыста қолданады.

Ұлттық театрдың уығын қадап, шаңырағын көтерген өнер майталманы өзінің театрлық қызметінде орыстың озық тәжірибесін үлгі тұтқан. Станиславскийдің «театр киім ілгіштен басталады» деген қанатты сөзі арқылы режиссер тек сахна өміріне жауапты болып қана қоймай, көрермен көзінен таса қалатын жұмыстарды атқаратындығына көзі жетеді. 1927 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде: «Театр жұмысы нәзік, күшке салуды көтермейді. Театр жұмысына кез келген адам жарамайды», – деп өз қызметіне деген талаптылықты және байыптылықты көрсетеді. «Қазақстан мемлекет театры» мақаласы арқылы сахна өнерінің өзіндік ерекшеліктері қысқа әрі түсінікті екендігін мәлімдейді.

Театр сынды бекзат өнер арқылы Жұмат Шанин көрерменін бірде күлдіріп, бірде мұнайтып, бірде ішіндегі шерін тартатын. Сол кезде қазақ даласында әлі де тамырын жайып үлгермеген өнер

– театр мәселелерін айналдырып, әдебиетте өріс алмаған жанр – драматургияны өзінің талантымен бірге ұштастырып, бірқатар пьесаларды жарыққа шығарады. Шаниннің «Торсықбай қу», «Айдарбек», «Үш бажа», «Жанды сурет», «Қара құлып», «Шахта», «Қозы Көрпеш – Баян», «Арқалық батыр» атты туындылары бар.

«Торсықбай қу» бір бөлімді шығармасы 1925 жылы Семейдің «Таң» журналының бірінші санында жарық көреді. Драматургтің тырнақ алды пьесасы арқылы ауыл тіршілігіндегі кедейлер мен байлардың, молда мен қудың арасындағы тартысты тамашалай аламыз. Спектакльдің 1-ші көрінісінен-ақ қу тілді Торсықбай мен кедей жігіт Қайырдың арасындағы ілік-қағыстың куәсі боламыз. Торсықбайдың Ыбырай молда мен Қарықбол байға қарсы ойлаған жоспарын, өзілмен қатар айлакерлігін, ашудан, реніштен туындаған өшпенділігін байқаймыз. Пьесада жағымды кейіпкер толығымен орын алмайды, ол Торсықбай бейнесі арқылы дараланып та, кейде кері мінез-қылықтарын асыра түсумен сипатталады. Екінші және үшінші көріністерінде Торсықбайдың жасаған ісіне күлеміз де, қынжыламыз да. Комедия жанрының элементтері дәл осы кезде Торсықбайдың «көрден көтеріліп шығуынан», молданың «басын көтеріп, қаша жөнелгенінен», «қалшылдап қаша алмай тұрғанынан» байқалады. Нәтижесінде, Ыбырай молданың өзін аяп кеткендей бір сезімге ұшыраймыз.

Драматург ықшамдылықты ескере отырса да, шығармада казактың әдет-ғұрпы – жоктаудан бір үзінді көрсетеді. Ауылдың 3-4 әйелі арқылы:

Дария ішінде желқайық,

Сөз сөйлейік лайық.

Кеше жүрген боздағым

Көзімнен болды бір ғайып [1, 50 б.], – дегізіп, элегия сарының қайғы-мұңға, философиялық толғанысқа, ізгі сезімге толы екендігін аңғартады.

Жұмат Шанин – комедиямен бірге трагедияны қатар алып жүрген драматург. Оның атақты «Арқалық батыр» пьесасы – Рымғали Нұрғалидің айтуы бойынша – «автордың ең шоқтықты туындысы». «Арқалық батырды» автор Ержан жыраудан тұңғыш рет естіп, қағазға түсіреді. 1924 жылы алғаш сахнаға қояды. Шанин «Арқалық батыр» трагедиясы арқылы азаттық идеясын көтереді, ал драмалық тартыс психологиялық түйіннен өрбиді. Мұндағы оқиға Әжі ханның бәйге аты Сарыкөзден айырылуынан басталады. Ханның қабағына қар жауып, ашу-ызасы қазандай қайнап отыр.

Келген-кеткендердің барлығы қолды болған атқа көңіл айтысып жатады. Осы тұста драматург көрерменнің назарын біртіндеп, қосалқы кейіпкерлердің көмегімен сырттай Арқалық батырдың бейнесіне аудартады. «Арқалық – адамның арыстаны. Жанған оттан, қаптаған жаудан, ақ улы садақтан, желекті найзадан қаймығып, сескебейтін ер... Етінен ет кесіп алып жатса да сескеніп, ернін қыспаған ер. Қарсы келген қарадан қаймығып нйзасын тартпаған ер».

Батырдың бейнесі қазақтың эпостық жырларынан жинақталып жасалған образ ретінде сомдалады. Ханның өшін жаудан алу сапары алдында жолында серік болатын – Тұяқ, Қияқ, Жұбайды, тұлпары – Сарыжал атты алады. Осы сәт эпос батырларының әрекетімен, толғауымен өуендес болып келеді. Өзі тіленіп баратын бұл айқас алдында Арқалық ақ өлең үлгісімен ұзақ монолог жүргізеді: «Біз я өлмекпіз, я қанды ат бауырынан ағызып, қарсыласқан жауды алмақпыз. Тапсырған қызметіңді ақ найзаның ұшымен, екі білектің күшімен, жел жетпес тұлпардың үстімен орындамасам маған серт. Ат басына күн туып, ауыздықпен су ішсе, ер басына күн туып, етігімен су кешсе, уәдесіз хан болса, ханның үрейін алатын жау болса, елдің үрейі кетсе, ердің сүреңі кетсе, екеуіне тапсырдым... Менің алдым да ажал, артым да ажал. Ажалдан қорыққан ер емес. Екі өлмек жоқ. Бір өлімнен құтылмақ жоқ».

Шығарма түпнұсқасы жырдан алыстамай, эпостық дәстүр арнасында да беріледі:

Қарақтарым, шолпаным,

Ер қорғайтын қалқаным,

Мал жайлайтын асқарым,

Ат байлайтын тірегім,

Ел жайлайтын білегім,

Қанатымда Қияғым,

Табанымда Тұяғым,

Маңдайға біткен жұлдызым,

Жүрекке біткен құндызым... [1, 206 б.]

Қолданыстағы дәстүрлі метафоралар батырдың ел алдында атқаратын міндеті бар екендігін, халықтың жұбанышы мен үміті болып отырғандығын көрсетеді.

Қалмақ әскерінің күшімен, Әжі ханның көмегімен соғыс алаңында ажал тапқандықтан, Арқалық батырдың өліміне елдің қабырғасы қайысады. Батыр ел жүрегінде ер болып, ел аузында сыр болып, ел көңілінде шер болып қалады.

Туындыда эпостық дәстүрмен қоса, драма мен трагедияны асыра түсетін әлеуметтік тартыс, шытырманды кезеңдер, әрекетті диалогтар кездеседі. Р. Нұрғалидің зерттеуінде: «Трагедияның әр бөлімі – жеке пьеса, аяқталған шығарма», – делінеді [1, 36 б.].

Шынымен де, ұлттық дәстүр мен ел тарихымен ұштастырылып жазылған бұл шығарма Жұмат Шаниннің драматургия саласына әкелген бірқатар жаңалықтарын байқатады. Психологиялық және әрекет ремаркаларының өзінде әр кейіпкерлердің ерекшелігі, мінезі анықталады, сахна жағдайы айтылады.

«Арқалық батыр» пьесасы – «қазақ әдебиетіндегі тұңғыш пьеса-диалогия» [1, 37 б.], «тарихи-эпостық тақырыпты игеру жолындағы қазақ драматургиясының ең алғашқы тәжірибелерінің бірі».

Жұмат Шанин – театр өнерінің дәнін қазақ жерінің топырағына сеуіп, актерлік шеберлік мектебінің негізін қалап, сахнадағы өн мен бидің, қимыл мен қисынның сәнін тапқан тұлға. Оның шығармалары – қазақ драматургиясының төл туындылары, бастауы.

Қазіргі таңда топталып, халық қолына жинақталып ұсынылған пьесалары мен мақалалары, көрермен назарындағы қойылымдары – қазақтың тұңғыш режиссері, драматургі, актерінің ұрпағына қалдырған баға жетпес мұрасы.

Жұмат Шанин есімі алғашқы алып топтың алдыңғы қатарында кездесетін есім. Кейінгі толқын өнерпаздарға жол салған Баянның шыршалы көлдері, қия жартас, күз шырғарынан нәр алған дара тума.

Ұлттық театр өнерінің іргетасын қаласқан «қазақтың Станиславскийі» – Жұмат Шанинге деген өнер сүйер қауымның махаббаты уақыт өткен сайын өсе бермек.

М. Әуезов айтпақшы: «...Біз өнер мәдениетінің барынша толып, пісіп, шалқып тұрған заманында театр мәселесін қолға алып отырмыз. Сондықтан өзгелер жүріп өткен іздің ішінде ең керектісін, ең дұрысын алуымыз керек. Қазақтың театр өнері біздің заманымызда басталғанына біз қуанамыз. Бірақ сол қуанышпен бірге, бұл сияқты ірі өнердің келешегі үшін жауапты екенімізді де ұмытпау керек» [3, 36 б.]. Ендігі Қазақ мемлекеттік драматургиясының тағдыры жаңа ұрпақ – біздің қолымызда.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 Шанин, Ж. Арқалық батыр: / Пьесалар мен мақалалар. / Құраст. Р. Нұрғалиев. – Алматы : Өнер, 1988. – 400 бет.

2 Бел-белестер / Құрастырған және арнаулы редакциясын жүргізген өнертану ғылымдарының кандидаты Бағыбек Құндақбаев. – Алматы : Өнер, 1987. – 288 б.

3 Әуезов, М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы : Дәуір, Жібек жолы, 2014. – 3-том: Мақалалар, әңгімелер, аудармалар, пьесалар. 1921–1929. – 424 б.

## ТАЛАНТТЫҢ ТАҒДЫРЫ

КАБЫШЕВ Б. Б.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.  
ЕРМЕКОВА А. К.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

«Театр өмірлік сұрақтарға шешім табатын жоғарғы интенция», – деп баға береді Александр Иванович Герцен. Сонда көрерменнің тіпті түсінде көрмеген не армандамаған ойларының орындалатын орны театрға жақын жүретін адамдар кімдер?

Сондықтан да аталмыш мақаламыз қазақ халқының ұлттық өнерінің дамуына зор үлес қосқан актер, музыкант, жазушы-драматург, еліміздің алғашқы режиссерінің бірі Жұмат Шанинге арналмақшы. Арғы атасы Қожамбердідей батыр адамнан тараған Жұмат Шанин Керекудің кең байтақ жерінде 1892 жылы дүниеге келген-ді. Бір адамның бойында барлық жақсы қасиеттердің үйіліп-төгілуімен қатар, бірнеше жұмыстың басын бір арнаға тоғыстырып, шашыратпай ұстаған Жұмат Шанинге дәл осындай қырлардың барлығы өзінің асқан дарындылығымен көзге түскен, алғыр қабілеттерімен маңайын мойындатқан өнерпаз атасы Шанадан дарыған деседі. Көптеген деректерге, тарихи оқиғаларға сүйенсек, газет-журнал бетіндегі мақалаларға назар аударсақ, Баянауылдың тумасы, қадірлі ақсақал Нығмет Жәминұлының айтуынша, Жұмат Шаниннің әкесі Тұрғынбай сүйегі берік, қайратты, мінезі тура, әділ адам болған. Ол керісінше, өн-күйге, домбыраға қырсыз адам екен. Есесіне, әйелі Қалия және оның төркін жұрты әнші, күйші, мейлінше өнерпаз жандар болыпты. Өнерге ғашық бала Жұмат әке қалауымен Омбы қаласына тартып, сауда саласына араласады, білім үйреніп, көзін ашады. Әр түрлі аспаптарда, әсіресе ұлттық аспаптардан басқа скрипка, мондалина секілді өзге елдің музыкалық құралдарымен еркін ойнайтын болады.

Досқан Жолжақсыновтың «Біржан сал» фильмінде Қоянды жазығында ұлы дүбірдің басталғанын, жағалай құрылған ақ үйлер мен өзендей аққан қымызда есептің жоқтығын айтып, сол жерде бала Жұматтың да жүргенін анық баяндайды. Қарапайым отбасында дүниеге келсе де, қарапайым жұмыстан гөрі, ойын-сауыққа жақын болатындығын да дәл осы фильмде суреттей түседі. Шахтада тас тасумен балалық шағын өткізген Жұмат Шанин 1916 жылғы патшаның бұйрығымен қара жұмысқа алынады. Жер қазу, казарма өмірі... ол осы өмірден қажыса да, мойымай төтеп беріп, еліне аман-есен оралады.

1917 жылдан мемлекеттік қызметке араласа бастаған Шанин саяси істерге қатысып, өзінің ойын, заманға сай білімін жетілдіре бастаған көрінеді. Биыл тұңғыш ұлттық театрдың негізін қалап, кәсіби биік деңгейге көтерілуіне дейін тер төккен тұлға, есімі қазақ өнерінің тарихында алтын әріппен жазулы жан Жұмат Шанинге 125 жыл. Тұңғыш ұйымдастырылған қазақ театрының көптеген қиыншылықтарды жеңіп, шығармашылық сапарының сәтті болуы да осы Жұмат Шаниннің есімімен тығыз байланысты екендігі анық. Ол 1926 жылдан бастап театрдың директоры және көркемдік жетекшісі қызметін атқарса керек. Актердің дәл осындай жетістікке жетуі оның балалық шағымен тығыз байланыста болғандығын көрсетеді. Алғашында ауыл молдасынан хат таныған ол бала кезінен ауыртпалықты көп көрсе де, ұлттық ойын-сауық пен ән-күйге ынтық болып өседі. Туған нағашысы Алтыбайдан домбыра тартуды үйренеді. Әсіресе Қоянды жәрменкесіне барып, өнерпаздардың думанын тамашалау оның ой-қиялын өрістетіп, өнерге деген ынта-ықыласын арттырды.

Театртанушы Амангелді Мұқан бұқаралық ақпарат өкілдеріне бір сұхбат береді. Аталмыш мәлімдемесінде Жұмат Шанин туралы көптеген маңызды мәліметтерді жеткізеді. Соның ішінде біз ескерген бір жайт ол Шаниннің Ермек Серкебаевтың әкесімен бірге тұрған кездерінен естеліктер еді. Қаншалықты ауыр жұмыс істеп жүрсе де, актер кітап оқыған, қосымша ізденген, театр өнерінің қыр-сырын меңгерген екен.

1920 жылы режиссерлік жолын Семейде «Ес аймақ» деп аталатын театр труппасын құрудан бастаған Жұмат Шанин өзі жазған «Арқалық батыр» мен Сәкен Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарын» қойып, Арқалық батыр мен Еркебұланның ролін сахнада өзі-ақ сомдаған.

Режиссерлік бітірген арнайы білімі жоқ болғанымен өзінің оқу-тоқуымен, білімімен, түйсігі, қабылдауымен сол театр, өнер саласында өмірінің соңына дейін жұмыс жасаған. Республикадағы бір емес екі

бірдей театрдың ашылуына өзіндік үлес қосқан тұлғаның туындылары республиканың барлық сахнасында көрсетілген. Белгілі сыншы ғалым Рымғали Нұрғалидың «Таланттың тағдыры» деп аталатын еңбегі толығымен Жұмат Шанинге арналған.

Рауыпбек және Қасымханмен бірге Шанинның шаңырағында үш ұл болған. Мәскеуге сапар кезінде жол үстінде жары, актриса Жанбикенің омыраудағы баласы Аян мезгілсіз шетінеп кетеді. «Осынау қайғылы жағдайға байланысты үлкендер Жұмат пен Жанбикеке баланы жерлеу үшін елге қайтындар дейді. Сонда Жұмат: «Өлер бала өлді, бала біздікі, бірақ қазақ өнері өлмесін, мен де, Жанбике де қайтпайды» дейді. Өз қайғыларын өнер жолына жеңдіре білген олар сәбилерін Мәскеудегі мұсылмандар зиратына жерлейді», – деп жазады бұл оқиға туралы. Бұл тұстан тұлғаның өнерге деген махаббатын көре аламыз, сүйіспеншілігін сезінеміз.

Жоғарыда аты аталып кеткен Жұмат Шанинның тағы бір ұлы Рауыпбек – қазақтан шыққан тұңғыш скрипкашы. Ал Қасымхан Шанинның елге белгілі актер, режиссер екенін көпшілік біледі. Жұмат Шанинның сүйікті жары Жанбике Шанина ерінің қайғылы тағдырынан сон, азапты күндер кешіп, Алжир лагерінде тұтқын болғаны мұрағат деректерімен дәлелденген. Жұмат Шанин зайыбы Жанбике және ұлы Рауыпбекпен бірге отыр «1936 жылы Мәскеуден оралғаннан кейін атам бір жылдай Бішкекте тұрыпты. Өйткені, Алматыдан қудалаған. Бішкекте жүргенде қырғыз театрының ашылуына да ықпал еткен. Бүкіл қырғыз оны мойындайды. Алматыдағы Лермонтов атындағы орыс театрын да ашуға көмектескен Жұмат Шанин», – дейді текті әулеттің бір тұяғы Болат Шанин.

Жалпы театр – ұлттық рухты сақтап қалудың басты құралы, адамзат санасын оятудағы бірден-бір күш екендігі белгілі. Қазақтың басына түскен қиын-қыстау кезде арқа сүйеп, жандары тыныштық табатын осы театр болғандықтан Жұмат Шанин өнер шебері үшін ғана емес, ұлт үшін қызмет атқарған адам екендігіне куә бола аламыз.

Шаниннің артында қалған ұрпағы актер туралы мәлімет іздеп, архивтерге барса керек. Сонда 1938 жылы қаулы шығып, Шаниндер әулеті толық қудаланған екен. Себебін архивтегілер қағаз арқылы дәлелдеп берсе керек. Жұмат Шаниннің қолы қойылып, өз қолымен жазған бір жапырақ қағазында «Қыз Жібек» пьесасын Сәкен Сейфуллин, Темірбек Жүргенов және актер он минутқа шымылдығын кеш бастағандығын жазады. Сонда сол он минуттың ішінде үшеуі ғимараттың екінші этажына шығып, Сталинді өлтірмек

болған-мыс. Сол көріністі он минутқа кеш бастағандықтары үшін үшеуі «халық жауы» атанып, ату жазасына кесілген еді.

Бүгінгі күнде Жұмат Шанин атында Шымкент облыстық театр, көшелер мен қиылыстар, степендия бар. Мысалы оңтүстік астанада актер атына көше берілсе, өзі туып-өскен Павлодар маңындағы «Южный» совхозына Шанин аты берілген екен.

Заман дауылымен арпалысып туып, жазықсыз ату жазасына кесілген Шанин еңбегі, пьесалары бүгінгі күнге дейін өз дәрежесін жоғалтқан жоқ. Біз тәуелсіз елдің тарландары Шанин шығармашылығын іздеп жүріп оқитын жағдайға жетуіміз керек. Себебі, қазаққа жаны ашыр, өнер десе ішкен асын жерге қояр Жұмат Шаниндей азаматтың еңбегін бағалап, келер ұрпаққа бұрмалаусыз жеткізе білуіміз қажет. Сонда ғана біздің рухани жаңғыруымыз байқалады, сонда ғана жат жанынан түңілетіндей өзімізді өзіміз сыйлайтын дәрежеге жетеміз деп ойлаймын. Өнер жасаса ел дамиды, өркендейді, мәдениеті артады, ал оларды қалыптастырушылардың есімін ел есінде сақтау әркімнің де болса борышы...

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 <https://www.youtube.com/watch?v=b7tjxdnu8gY>
- 2 <https://www.youtube.com/watch?v=K9R4ShHgH0s>
- 3 Жұмат Шанин туралы мәліметтер

#### САХНАНЫҢ ПАТШАСЫ

ҚАДЫРОВА Ж. Ә.  
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Шана қыстауынан – Жұмат Шанин ауылына дейін...

Баянауыл ауданындағы Күркелі ауылдық округіне қарасты Желтау ауылы – бауырласқан тауларынан ерекше лепті сыбызғы самал есіп тұратын жұмақ мекен. Қатар жатса да, бірінің суының – ащы, бірінің тұщылығымен жұмбақ жасырған Қос Шалқары мөлдіреп, Қойтас жаққа сәл-пәл аяқ бассан, аспанға шаншылған Әулиетас қиялыңды бұлттардың ар жағына алып кетеді. Осынау ерекше мекенде Жұмат Шаниндей заңғар тұлғаның дүниеге келуі табиғи заңдылық сияқты.

Жұмат Тұрғынбайұлы 1892 жылы осы мандағы Қаратал қыстауында туған. Кейін Қарағанды облысының құрамына өткен бұл жерді бүгінгі жұрттың Шана қыстауы деп кетуі де халқының сүйікті ұлына деген құрметі болса керек. Желтаудың Қарағандымен шектесетін тұсындағы кешегі Майра, Иса, Қажымұқан сынды замандастарын елге мәшһүр етіп, Жұматты Әміредей әншімен таныстырған Қоянды жәрмеңкесі болса тарих-атаның айдалаға тамған көз моншағындай болып мөлдіреп жатыр.

Туған ағасы – Толыбайдан теперіш көре жүріп өз қолы өз аузына жеткен Шана атаның бес арысы шахтаға түскен Шөптiкөл де осы маңға тиіп тұр. Бір кездері ағылшындардың шахтадан ары темір жол тартамыз деген талпынысының айғағы болған құрылыс орындары да «Ағылшын мосы» болып жер атауына айналып кеткен жайы бар. Аты аңызға айналған арда ұлға өнер үйреткен кім екенін ұмытпаңдар дегендей, анау қырдың астынан Алтыбай елді мекені де менмұндалайды.

1992 жылы, Жұмат Шаниннің туғанына 100 жыл толғанда, Күркелі елі дүбірлі той жасап, бір масайраған. Сол кезде «Южный» кеңшарының атауы Жұмат Шанин атындағы шаруашылық болып өзгеріп еді. Арадағы 25 жылда түрлі себептермен ресми құжаттар бетінен өшіп қалған ауыл атауын күркеліліктер қайта қайтарсақ деп қам жасауда.

25 жыл бұрын Жұмат Шанинге арналып мұнда шағын музей де ашылған. Шананың қарашаңырағы деген атқа ие болып, осында қалқып отырған Шананың туған шөбересі Балтабай Кәбіраұлы сол жылы музейге Жұмат ағасының шекпенін тапсырған еді. «Атамыз Нұршеке – Шананың бес ұлының кенжесі. Ал шекпенді Мұстафаның (ол да Шананың ұлы) баласы Бейсенбай марқұм Жұматтікі деп маған берген», – деп сыр шерткен Балтабай ағай Шаниннің 100 жылдық мерейтойы тарқаған соң музей жәдігерлері таратылып, көне шекпен өз үйіне оралғанын айтады. Сол шекпенді Балтабай ағайдың қызы Пәкизатқа жүктің арасынан тапқызып алып, жоғалып кетпегеніне көз жеткіздік. Көне жәдігер Жұматтың немересі Райхан Шанинаның бізге айтқан «атамызға арналған не бір музей, не бір жібі түзу ескерткіш жоқ» деген базынасының орнын толтырар күнді тосып жатқан болар.

Архивтерді сөйлетсек...

Қисықтағы Қаржас аулынан ағаш тасып саудалаған, Омбыда бухгалтерлік білім алған, жастардың «Бірлік» ұйымына араласқан, 1916 жылдың аласапыранында солдатқа шақырылып, қара суықта окоп қазып, бекіністер салған күндерді артқа тастап, 1917 жылы аяулы

Желтауына оралғанын Жұматтың «Сарыарқа» газетіне берген мына хабарландыруы айғақтайды: «Орын іздеймін: счетовод (бухгалтер). Керек қылған сауда конторына барамын. Қазақ тілімен де книганы жүргізе аламын. Жол расходы алдырушы есебінен. Жалованьемді, керек қылған кісі, қанша беретінін айтып хат жазсын. Адресім: г.Павлодар, стан. Желтовская, Джумату Шанину» (Семейде басылған «Сарыарқа» газеті, 1917 жыл, 5 қыркүйек). Аталмыш құжатты академик Рымғали Нұрғалиев өз еңбектерінде жариялаған [1].

Ал журналист Сайлау Байбосын төмендегі деректі бөлісті: «Шығыс Қазақстан облыстық қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығында мынадай деректерді ұшыраттық: Список граждан, расстрелянных по приговору выездной сессии Военной коллегии Верховного суда СССР в феврале-марте 1938 года в городе Алма-Ате.

26 февраля:

1 Жансүгіров Илияс.

2 Куленов Сәлемхат.

3 Шанин Жұмат.

27 февраля:

4 Қадылбеков Мерғалым.

28 февраля:

5 Тоғанбаев Қартқожа» [2].

Жұмат Шаниннің немересі Болат Қасымханұлы болса мына бір жайтты толғана әңгімелейді.

– 1992 жылы тиісті органдарға хат жазып жүріп, Шаниндер әулетінен қалған ұрпақ ретінде атамның ісімен танысып шығуға мүмкіндік алдым. Әкем өмір бойы өз әкесінің кінәсіздігі дәлелденгенін көрсем деп өтті. Ол да атамның ісімен танысу үшін қаншама хат жазыпты. КГБ-ның архивіне барғанда атамның ісін оқып, жағамды ұстап, орнымнан тұра алмай қалдым: оның орнына әйел адамның түсініктеме жазғаны жазуынан тайға таңба басқандай көрініп тұр. Әріптерін моншақтай етіп тізіпті. Соңына атамның қолын күштеп қойдырғаны байқалады. Сәкен Сейфуллин Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы болып тұрғанда, яғни, 1936 жылы, тұңғыш рет Мәскеуде қазақ мәдениеті мен өнері, әдебиетінің онкүндігі өтеді. Сонда екі вагон қазақ жазушылары мен әртістері Мәскеуге барыпты. Әртістердің тобын бастап барған – Жұмат Шанин. Атам қол қойған түсініктеменің мазмұны мынадай: «Мәскеудегі декаданы «Қыз Жібек» спектаклімен ашуымыз керек еді. Мен – Жұмат Шанин, Сәкен Сейфуллин, Темірбек Жүргенов үшеуіміз сол қойылымды әдейі 10 минутқа кешіктіріп бастадық». Сонда «Неге он

минутқа кешіктіріп бастадыңдар?» – деген сұрақ қойылады. «Себебі үшеуіміз сол он минуттің ішінде екінші қабатқа көтеріліп, Сталинді атып кетпекші болдық», – деп атама түсініктеме «жаздырады». КГБ-ның архивіндегі әйел кісі құжатты оқып отырғанымда, менен көз алмай қарап отырды. «Атамды сонда не үшін атқан?» – деп сұрасам: «Түсініктемеде жазылып тұрған жоқ па?» – деді. Екі сағат бойы қайталап оқи бердім, оқи бердім. Құжатта Жүргенов пен Сейфуллиннің де ісі тіркелген екен. Оны әлгі әйел оқытпай қойды. Уақыт созып ұзақ отырдым. Бір кезде мені бақылап отырған әйел тысқа шығып кетті. Сол кезде екеуінің де ісі тігілген құжатқа көз жүгіртіп шықтым. Құдай-ай, үшеуінің түсініктемесі бір адамның қолымен жазылған. Үшеуінің де жауабы бірдей. Тек соңында күшпен қол қойдырған. Атам бір бет қағазға өмірбаянын өз қолымен жазып өткізген екен. Түсініктеме жазылған жазу екеуі мүлде екі бөлек...

Айта кетерлік жайт, кей журналистер Жұматтың кіндігінен ұрпақ қалмағанын жазады. Бірақ Қасымхан Шаниннің Жұматтың баласы екендігін, оны інісі Әкіш асырап алып, фамилиясын өзгертіп, Шымкентке алып кеткендігін көзкөргендер, бұл әулетті жақсы танытындар айтып кеткен. Мұны растаған Райхан Шанина өзінің жасөспірім күнінде әкесі Қасымханмен бірге Баянауылға барғанын, сол сапарда әкесінің «Баянауыл» әнін көзіне жас алып шырқағанын айтты. «Баламын ғой, Желтауға бардық па, әлде Баянның өз басына ма – нақты есімде жоқ. Бірақ әкемнің Баянауылға деген сүйіспеншілігі, сағынышы өзгеше еді», — дейді тектінің тұяғы. Ал Райхан апайдың бауыры Болат Шанин әкесінің сағынышы болған самалы сыбызғы үнді Желтау бауырына алдыңғы жылы ат ізін салып, бабаларының рухына тәу етіп қайтты...

Биыл – 125 жылдық!

Шанин бастаған өнер тарландарының 1927, 1936 жылғы Мәскеуге сапарлары туралы деректер, немере інісі Атығай Шанин мен өз баласы Қасымханның, немересі Болат Шаниннің өнер жолына қатысты деректер баспа беттерінде көптеп ұшырасады. Сондай-ақ, бертін Жұматтың жұбайы – актриса Жанбике Шанинаның ауыр тағдыры жайлы материалдар жарыққа шықты. Жұматтың ұлы – қазақтан шыққан тұңғыш скрипкашы Раупбек Шаниннің ғұмырының қысқа болғаны да аса күйінішті.

Жұмат мандолин мен скрипкада ойнаған, орыс тілінде еркін жазған. Зерттеушілер оның «Театр тарихы» дейтін кітап жазғанын, бірақ қолжазбасы жоғалғанын айтады.

Аса жиі ауызға алына бермейтін жайттың бірі – Жұмат Шанин ел аузындағы әндерді нотаға түсіріп, би өнеріне де ерекше мән берген. «Би мәселесіндегі біздің шығармашылығымыз примитив емес, көбісін күншығыс елдерінің пластикасынан пайдалана отырып, тақырыбын пьесаға байланысты ұлт ойындарынан туғызып отырмыз», – дей келе, ол «Бүркіт-коян», «Киіз басу», «Өрмек би», «Шашу» билерін дүниеге әкелген.

Қазақтан шыққан тұңғыш режиссер, театрдың негізін қалаушы, қазақтың драма, опера артистерінің алғашқы буынының ұстазы, актер, музыкант, драматург, 1931 жылы республиканың халық әртісі атағына тұңғыштардың бірі болып қол жеткізген Жұмат Шаниннің әңгіме етерлік қыры көп. Ол туралы Рымғали Нұрғалиев еңбектерінде егжей-тегжейлі жазылғандықтан, қайталамауды жөн көрдік.

Көзі тірісінде театр сыншысы Әшірбек Сығай Шанин еңбегінің еленбей, айтылмай жүрген тұстарын әріптестеріне наз қылып жеткізген. Ал режиссердің немересі Райхан Шанина театр сахнасынан атасының шығармаларының ұмыт болғанына қамығулы. Биыл, дарынды драматургтің 125 жылдық мерейтойына орай, Шымкентте Жұмат Шанин атындағы театрда айтулы шара өткені мәлім. Ал Ертіс-Баян өңірінде мерейтойға орай республикалық акындар айтысы (Баянауылда) және С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің «Театр. Мәдениет. Руханият. Қазіргі заман» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы ұйымдастырылуда.

Мерейтойға орай тындырылған тамаша істің бірі – Күркелі ауылдық округіндегі Күркелі ауылы атауының Жұмат Шанин ауылы болып қайта аталуы. Бұл жөнінде облыстық Сарыарқа самалы» газетінің 2017 жылғы 5 қыркүйектегі нөмірінде Павлодар облысы әкімі Б.Бақауов пен облыстық мәслихат хатшысы В.Берковский қол қойған облыстық әкімдік пен мәслихаттың бірлескен қаулысы мен шешімінің жобасы жарияланып үлгерді [7, 11 б.]. Бұған дейін әр жылдары республикалық «Егемен Қазақстан» [3], «Жас Алаш» [4], «Алаш айнасы» басылымдарында [6, 1 б.] павлодарлық журналистер Жанаргүл Қадырова мен Сайлау Байбосынның «Жерлестері Жұмат Шаниннен неге жерініп отыр?», «Шымкент қадірлеген Шаниннің Баянауылда бағасы болмай тұр», «Есімін еске салатын белгі керек», «Төрт атауы бар ауылдың тағдырын кім шешеді?», «Күркелі жастары Жұмат Шанин атауын қолдайды» атты мақалалары бірнеше жыл қатарынан жарияланып келген еді. Енді, міне, сол бастамадан нәтиже шықты.

Айта кетерлік жайт, қазақтың нар ұлына деген құрметіміз мұнымен де шектелмеуі керек. Ұлтжанды азаматтар бүгінгі таңда Павлодар қааласындағы «Шаңырақ» облыстық халық шығармашылығы мен мәдени-сауық қызметі орталығын Жұмат Шанин есімімен атасақ деген ұсыныс айтып жүр. Қолдайтын ұсыныс, неге десеніз, облысымызға жолы түскен қонақтардың бәрінің бірдей шалғайдағы Жұмат Шанин ауылына жолы түсе бермесі анық. Сонымен қатар, жоғарыда Жұмат Шаниннен қалған жалғыз-жарым жәдігер – шекпеннің табылғанын айттық. Ондай жәдігер лайықты орында тұруы керек. Демек, Жұмат Шанинге арналған музей де қажет. Қазіргі уақытта Жұмат Шанин ауылындағы Қошқе Кеменгеров атындағы орта мектепте орналасқан музей сын көтермейді, ол тіпті нақты Жұмат Шанинге арналған музей де емес. Тұңғыш режиссерімізге арналған бірлі-жарым өңі кеткен ескі мәліметтер көптен жаңартылмаған. Демек, биылғы игі шаралар жалғасын келешекте Жұмат Шанинге арналған шағын да болса музей ашумен жалғаған артық болмайды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 **Нұрғалиев, Р.** Талант тағдыры.
- 2 **Байбосын Сайлау.** «Қызылтау – құтты мекен, киелі аймақ».
- 3 «Егемен Қазақстан» газеті, 17.04.2017 жыл.
- 4 «Жас алаш» газеті, №30 (15904), 17.04.2014 жыл.
- 5 «Жас алаш» газеті, №5 (16191), 19.01.2017 жыл.
- 6 «Алаш айнасы» газеті, №198 (650) 8.11.2011 жыл.
- 7 «Сарыарқа самалы» газеті, №97 (15124), 5.09.2017 жыл.

#### ҚАЗАҚТЫҢ БЕЛГІЛІ ҚАЙРАТКЕРІ ЖҰМАТ ШАНИННІҢ ТУҒАНЫНА 125 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ

РАХИМОВА Г. И.  
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Бірегей тұлғалар болады. Өмірі бір елдің тарихындай. Бір өзі бір дәуірдің жаршысындай. Соның бірі Павлодар-Баянауыл өңірінің тумасы, қоғам және өнер қайраткері кезінде нақақтан нақақ жазаланып жаппа шеккен жерлесіміз Жұмат Шанин.

Жұмат Шанин қысқа өмірінде қызу да қыруар істер атқарған ұлттық өнеріміздің арна басын жалғыз өзі ұйымдастырған, республикамыздың алғашқы халық әртісі, тұңғыш режиссері, көзі тірісінде «қазақтың Станиславский» атанған біртуар тарихи тұлғамыз. Кезінде сол орыстың аты аңызға айналған режиссері Константин Сергеевич Станиславский отызыншы жылдарда сирек естілерліктерінде Жұмат Шанинге сүйіспеншілік сөзін арнаған екен: «Құрметті дос, келешекте ұрпағыңыз сізді әңгіме етпей қоймайды. Сіз, сеніңіз маған, өзіңіз туралы халқыңыз әңгіме етіп, аузынан тастамайтындай тамаша мұра жасадыңыз. Қоғамдық өмірдегі алған бағытын да бүтін бір халық үшін пионер болу әркімнің сыбағасына тие бермейді. Демек, сізден соңғыларда ондай мүмкіндік жоқ. Олар тек сіз бастаған істі дамытып алға апарушылардың қатарын да ғана қалады» – деп бағалаған екен [1, 62 б.]. Шынымен де Жұмат Шанин салған қиын қыстау кездегі ұлы жол, қазіргі таңда өткен мұраның жалғасы ғана.

Кіндік қаны 1892 жылы Қазіргі Павлодар облысы Баянауыл ауданының Желтау маңында тамған Жұмат ағамыздың өмірбаянына қысқаша тоқтала кетсек, Шананың ұлы Тұрғынбайдан екі ұл – Жұмат пен Әкіш туған екен. Алғашында ауыл молдасынан оқып, хат таныды. Жас кезінен Ж. Шанин ұлттық ойын-сауықтар мен ән-күйлерге ынтық болып өскен. Әсіресе, Қоянды жәрмеңкесіне барып, халық думанын тамашалау - оның ой-қиялын қозғап, өнерге деген ынта-ықыласын арттырады. Туған нағашысы Алтыбайдан ән салып, домбыра тартуды үйреніпті. Бір ғажабы, Желтау, Сарытау өңірінде дүниеге келген жақсылар жалғыз Жұматпен шектелмейді. Осы төңіректе Павлодар уездік Алаш комитеті төрағасының орынбасары болған Ахметолла Барлыбаев, бұл күнде аты ұмытылуға айналған ұлт зиялысы Сәлемхат Күленов, қазақтан шыққан тұңғыш геолог-ғалым Мерғалым Қадылбековтер туған. Алаш қайраткері Қошке Кемеңгеровтың атажұрты да осы Сарытауда. Бұлардың барлығы да зұлматты заманның құрбаны болғандар [2, 65 б.].

1913 жылы Омбыға келіп, күнкөріс қамымен біраз уақыт зауытта жұмыс істейді. Мұнда С. Сейфуллинмен, Н. Нұрмақовпен және Б. Серкебаевпен танысады, әрі өз бетінше оқып білімін жетілдіреді. 1915-1916 жылдары есепшілік курста оқып бітіргеннен кейін зауытта есепшінің көмекшісі болып қызмет етеді. Осы жылдары алғаш рет қалалық театр спектакльдерін көреді. Бірақ көп ұзамай-ақ Ж. Шанин майдан жұмысына тартылады. Одан туған ауылына 1917 жылы оралды. Сол жылдан бастап Қарқаралының уездік кооперативінде есепші қызметін атқарды.

1921-1922 жылдары Павлодар уезі комитетінің мүшесі, 1922 жылы Зайсан уездік атқару комитетінің төрағасы, 1923 жылдан Семей губерниясы атқару комитетінің және Қазақ КСР ОАК мүшесі болып, тағы басқада жауапты орындарда қызметтер атқарған. Саяси-әлеуметтік және қоғамдық істерге белсене қатысу Ж. Шаниннің ой-өрісін кеңейтіп, кейінгі режиссерлік, әрі жазушылық қызметіне игі ықпал жасады. 20-жылдары Семейде «Ес-аймақ» труппасын басқарды. Режиссерлік өнер жолын осы труппадан бастаған Ж. Шанин халық жыры негізінде жазылған өзінің «Арқалық батыры» мен С. Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарларын» қойды. Сонымен қатар өзі осы аталмыш спектакльдерде Арқалық батырдың және Еркебұланнның рөлін орындады. Бір бөлімді «Торсықбай» комедиясы 1925 жылы Семейдің «Таң» журналында жарияланды. 1925 жылы ашылған Қазақ драма театрының директоры болумен қатар оның көркемдік жағын басқарған. Ж. Шанин Қазақстандағы тұңғыш ұлт театрының негізін салып, оны ұйымдастырып, сондай-ақ профессионалдық тұрғыда қалыптастырып, шығармашылық жағынан өсу жолында зор еңбек сіңірді. Алғашқы шығармашылық-ұйымдастырушылық қызметінен бастап Ж. Шанин актерлер мәдениетін көтеруге, театр жұмысын белгілі бір жоспар бойынша жүргізуге, репертуардан тәрбиелік, һәм идеялық-көркемдік сапасы жоғары драмалық шығармалардың орын алуына ерекше көңіл бөлді. Бұл мәселелер «Қазақтың мемлекеттік театры», «Мемлекет театрының әртістері» (1927), «Қазақстан мемлекеттік театры» (1928), «Театр тарихынан» (1931), «Сахна техникасын меңгерейік», «Сахнада шындықты тану» (1935) атты әр жылдары баспасөз беттерінде жарияланған мақалаларында жан-жақты қамтылды. 1926-1932 жылдары қазақ драма театрында ұлттық драматургиядан С. Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарларын», С. Аблановтың «Күндеспейтін қатындар» мен «1910 жылын», Ж. Шаниннің «Болатын», І. Жансүгіровтің «Кегі» мен «Түркісібін», Б. Майлиннің «Майданын», М. Әуезовтің «Октябрь үшін» және классикалық туындылардан А. Пушкиннің «Тас мейманы» мен «Сараң серісін», У. Шекспирдің «Гамлетін», сонымен бірге өзі жазған «Торсықбай», «Арқалық батыр» (екі кешке арналған 2 бөлімді), «Айдарбек», «Баян батыр», «Өлімнен үмітке» («Шахта») тағы басқа шығармаларды қойған. Ұлттық төл туындыларды қоюда ән-күйлер мен тұрмыс-салттық, этнографиялық бояуды мол қолданды. Драмалық шығармадағы белгілі бір дәуір тынысы мен оқиға орнын, оған қатысатын кейіпкерлердің мінез табиғатын айқындап ашуда пайдаланатын әр түрлі сахналық реквизитке (зат-бұйымдарға), декорация мен костюмге ерекше ден қойды. 1927 жылы бір топ



өнер шеберлерін бастап, Мәскеуде өткен этнографиялық концертке қатысқан. 1932-1933 жылдары Қырғыз драма театрының бас режиссері болды. 1934 жылы ашылған музыкалық театрды (қазіргі Қазақтың опера және балет театры) Ұйымдастыруға қатысып, Қ. Жандарбековпен бірге Е. Г. Брусиловскийдің «Жалбыр», «Қыз Жібек» пен «Ер Тарғынын» қойды. Осы музыкалық спектакльдер Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігі кезінде жоғары бағаланды [2, 94 б.].

«Правда» газеті бүкіл Кеңес елінің жария үні болып тұрған шағында, 1936 жылы: «Қыз Жібек» спектаклін қоюшы талантты режиссер, халық артисі Жұмат Шанин жолдастың әсіресе көпшілік қатынасын көріністерді қоюы өте жақсы шыққан. Бұл көріністерден біздің Москва операларының режиссерлері үлгі алуға жарайды деуге толық правомыз бар», – деп жазды. Артығы жоқ пікір, ақтарыла айтылған сыр, әділ баға. Қырық бестен аса бере, 1937 жылдың 26 ақпанында қаза болған қуатты дарын иесі бір халықтың жаңа туған балғын өнерінің – қазақ театр өнерінің атасы, көшбасшысы еді. Жұмат Шанин қазақтың тұңғыш профессионал режиссері, қазақтың драма, опера және балет артистерінің алғашқы буындарының ұстазы, актер, театр сыншысы, музыкант, белгілі драматург болатын. Осы тәрізді ғажайып дарын иесі жайлы дерегіміз, мағлұматымыз, өкінішке орай, соңғы кезге дейін өте аз болатын. «Көзі тірісінде қазақ Станиславскийі атанған» аяулымыз жайлы мейлінше аз білетінбіз. Сол азымызды көбейтіп, Жұмат жайлы ойымызды кең арнаға салған ғалым-сыншы. Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының мүше-корреспонденті, Қазақ Энциклопедиясының Бас редакторы Рымғали Нұрғалиев, оның «Талант тағдыры» деп аталатын әуелдегі шағын еңбегі, одан кейінгі жердегі білікті ғалымның құрастыруымен, мазмұнды алғысөзі мен жан-жақты түсініктерін жазуымен жарық көрген «Жұмат Шанин. Арқалық батыр» атты пьесалары мен мақалаларының әзірге қолда бар толық жинағы болды. Кейінгі кезде, әсіресе, дархан дарынның тууына жүз жыл толуының қарсаңында және осы мүшелтойдың құрметіне Қазақстан Республикасының мерзімді баспасөзінің беттерінде көптеген мақалалар мен естеліктер де жарық көрді [3, 36 б.].

1936 жылға дейін осы театрдың көркемдік жағын басқарған Ж. Шанин алғашқы музыкалық театр өнерінің қалыптасып дамуына да мол үлес қосты. 1930-1937 жылдары Орал музыкалық драма театрын ұйымдастырумен бірге оған басшылық жасаған. Ол бірқатар пьесалар («Жанды сурет», «Қара құлын», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Үш бажа») жазып, ұлттық драматургияны дамытуда жемісті еңбек етті.

Жан-жақты дарын иесі Жұмат халықтың би өнеріне де жете назар аударып отырды. Соның нәтижесінде өзі қойған музыкалық спектакльдерде «Киіз басу», «Қоян-бүркіт», «Өрмек», «Шашу» сияқты көптеген қазақ билерін пайдаланды. Бір қатар халық әндерінің спектакльдер де пайдаланылуына, нотаға түсірілуіне, сөйтіп жұртшылық арасына кеңінен таратылып, шын мәнінде халық игілігіне айналдырылуына белсене атсалысты. Қазақ халқы бүгінде дархан дарын иесі Жұмат Шаниннің есімін, қызметін, ұлттық өнерімізді дамытуға қосқан үлкен үлесін құрмет тұтып, жоғары бағалау да. Қазірде Шымкенттегі қазақ драма театры Жұмат Шаниннің есімімен аталады. Оның «Торсықбай», «Айдарбек» атты және басқа да комедиялары, пьесалары Қазақтың М. Әуезов атындағы академиялық драма театрының, Шымкенттегі оның өзінің атымен аталатын облыстық театрдың және басқа өнер ұжымдарының репертуарларынан тұрақты орын алды. Үстіміздегі жылы белгілі өнер қайраткері, Қазақстан Республикасының халық артисі Жұмат Шаниннің туғанына жүз толуы бүкіл республика жерінде, оның ішінде дархан дарын иесінің өскелең өміріне қатысы мол Қарағанды мен Қарқаралы өңірінде кеңінен атап өтілді [4, 4 б.].

Бір халықтың жаңа туған балғын өнері – театр, сахна өнерінің көшін бастаған қуатты талант, дархан дарын иесі 1938 жылы ақпан айының 26-жұлдызында қайтыс болған екен... Дарынды жерлестеріміздің, қазақ халқының аяулы ұлдарының бірі, дүниеден жастай өткен Жұмат Шаниннің қысқа да бай өмір жолын қысқаша шолып еткенде оқушы назарына ұсынбақ жайлар осылар болатын. Біртуар перзенті, үлкен өнеріміздің көшбасшысы болған Жұмат туралы айтылмақ, айтылуға тиіс ұрпақ сөзі бұлармен шектелмек емес, әрине.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 **Тоғысбаев, Б., Сужикова, А.** Тарихи Тұлғалар – Алматы : Жеті Жарғы, 2011. – 376 б.
- 2 Рухнама : Жұмат Шанин – Павлодар : Кереку, 2010. – 142 б.
- 3 **Сағымбеков, Р.** Қазақтың тұңғыш режиссері Жұмат Шаниннің туғанына 100 толуын орай // Қарқаралы. – 1992. – № 7/8. – 31–37 б.
- 4 **Қамбаров, Ж.** Өнердің қара шаңырағы // Ертіс өңірі. – 2005. – 31 наурыз. – 5 б.

**3 Секция. Мәдениетаралық өзара іс-қимыл аясында  
қазақ халқының мәдениеті  
3 Секция. Культура казахского народа  
в контексте межкультурного взаимодействия**

**ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ  
САРЫНДАРДАҒЫ ТАНЫМ МЕН ТҮСІНІК**

ЕЛІКПАЕВ С. Т.

ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақ әдебиетіндегі 60 жылдардан басталатын проза тақырыптық-идеялық жағынан өзгеше. Қазақ әдебиетіндегі ірі өзгерістің негізгілері тап сол 60-жылдардан басталады. Бұған тікелей әсер еткен сол қоғамның ішіндегі өзгеріс екені белгілі. 20-ғасырдың басынан 20-30-50-жылдарға дейінгі созылған әдебиеттегі жаңашылдыққа революция себеп болып, бұған дейінгі әдебиет жарамсыз деп, сан килы айдар тағылып, тізімнен шығарылып тасталып, орнына жаңа ағым, жаңа форма, жаңа тақырыптар тандалып, Кеңес әдебиеті өз идеяларына қарай прозада да еркіндікке жол бермеді. 60-жылдардағы әдебиеттегі жаңа түр, соны ізденістерге негізгі арқау болған Кеңестер Одағының XX съезіндегі «Жеке басқа табынушылыққа» қарсы шыққан баяндама еді. Демек, 60-жылдар әдебиетінің өзгеруіне бұрынғы сораптан шығып басқа түр, сипат алуына, тармақтардың еркін кестеленуіне қатып қалған қасаң қағидалардан қашуға басты себеп – қоғамдағы «жылымық» еді.

60-жылдар әдебиеті 20-ғасырдың 20-30-жылдарынан басталған желіні қайта жалғаған арна болды. 20-ғасырдың басынан бастап Кеңес өкіметінің қанды қырғынына дейінгі аралықта көркем үлгілер мол жасалғанымен, 30-жылдардан 50-жылдарға дейінгі кезеңде қазақ әдебиеті өзінің көркемдік сипатынан ажырап, мазмұнды қалпынан қол үзіп, сыртқы түр қуушылық пен партия, өкімет саясатына жағатын тақырыпты ғана қозғап, ауыз әдебиетінен басталып, жыраулар әдебиеті, 19-ғасыр мен Абай заманы әдебиетінде барынша ой тереңдігімен айшықталып, 20-ғасырдың басында ұлттық идеяны көтерген алтын желіден айырылып қалды. Әдебиеттегі таланттар, ұлт мүддесін көтерген қаламгерлер репрессия құрбанына айналып кете барған соң да, талантсыздар партия саясатын ғана насихаттады. Осы тұста халықтың көркем әлемге – сөз өнеріне деген құштар сезімін 60-жылдардан басталған әдебиет өтеді.

Ұлттық мұрат, халықтық дәстүр, қазақы салт пен сана, таным – 60-жылдар әдебиетінде қайта жаңғырды. Сондықтан да 60-жылдар әдебиетін қайта қарап, бүгінгі тәуелсіз әдебиет көзімен баға беру қажеттілігі туындайды. Бұл біздің егемен елдің ұлттық мүдде мен танымға қайта сын тұрғысынан қарауда, тәуелсіз ел керегіне жаратуға өз мәнін артыра түсері сөзсіз. Сондықтан да біз диплом жұмысымызда 60-жылдар әдебиетіндегі тақырып пен идея, кейіпкер ерекшелігін талдауды, осы кезеңнің ірі өкілдерінің шығармашылығындағы этнографиялық сарындардың көркем сипаттарымен ашылуын талдауда бірнеше авторларды тандап алдық. Бұл кезең авторларына тән бірнеше ерекшеліктер бар.

1 Кеңес өкіметінің аштық, Азамат соғысы, қуғын-сүргін, соғыс, соғыстан кейінгі елді қайта қалпына келтіру сияқты орны айрықша халықтың 8 ел болып қалу – қалмауы сынға түскен шағында дүниеге келген ұрпақ.

2 Халықтың қандай қиындық көрсе де, ұлттық танымынан ажырамаған қалпын көздерімен көрген ұрпақ өкілдері.

3 Бүгінгі күні ұмтыла бастаған бірталай ел таным-түсінігіне, салт-санасына бағытталған дәстүрлер мен ғұрыптарды көріп, саналарына сіңіріп өскендер.

4 Халық өз салт-санасымен қалып, өз дағды, қалыптарымен ғана жасайды дегенді берік ұстанғандар.

5 20-ғасырдың 60-жылдарынан бастап урбанизацияға қарсы қазақы этнографиялық ұстанымдарды алға шығарушылар да қаламгерлер болды. Қазақ әдебиетіндегі 60-жылдар жаңғыру кезеңі ретінде жаңа бетбұрыстармен байланысты. 60-жылдар әдебиетінің өкілдері бүгінгі тәуелсіз әдебиеттің де қаламгерлері. 60-жылдардың әдебиеті көркем кейіпкер бейнесін жасауы мен жаңа тұрпатты қаһарман жасаған, жаңа адам жасаған әдебиет қалпында да өзгеше. 20-ғасырдың бас кезінде Кеңес әдебиетінің алғашқы қатал екпіні әсерінен ұлттық қалпынан табан тайдыра бастаған қазақ әдебиеті 60-жылдардан бастап қазақы ұлттық белгілеріне қайта орала бастады.

Кейіпкердің ұлттық болмысы, елдік танымы халықтық көркем әдебиетке деген, өнерге деген ыстық сезімін қайта қалпына келтірді. Қазақ қаламгерлері прозада ұлттық бар бояуымен сомдалған кейіпкерлерді алдыңғы қатарға шығарды. Сондықтан да бүгінгі жаһандану сияқты алапат тосқын алдында ұлттық халықтық қалпын сақтайтын әдебиет тек қана жұрт танымын қадір тұтатын кейіпкерлері арқылы ғана өз биігінде қала алады.

60-жылдардағы әдебиет өткен дәуірдегі халық өмірін, оның бостандықты аңсаған үміт-арманын көрсетті. Аштық, Ұлы Отан соғысы тақырыптарымен бірге сол кезеңнің бар кескін-келбетін ашатын көркем туындылар туды. Адамдық болмыс, адамгершілік қасиеттер, тіршілік ортасы деген ұғым-түсініктер қазақы таныммен өлшенді. Кеңестік қоғамның тар қыспағынаан көркемөнер арқылы шыға білген прозадағы шеберлік бар көркемдік шындық дәстүрмен қайта сабақтасты. Сөз еркіндігіне әлі де болса бақылау қатаң кезеңде қазақ қаламгерлері ой еркіндігін өнермен өрнектеді. Әдебиетке жаңа шығармашылық күш келіп қосылғаны көрінді. 50-жылдардың соңында жазылған Ф. Мүсіреповтің «Автобиографиялық әңгіме», «Этнографиялық әңгіме» сияқты стильдік, жанрлық сипаты өзгеше туындылар кейінгі кезеңдегі жас жазушылардың түрлі стильде, түрлі қалыпта көркем шығарманы жаңаша жазуға ұмтылыстарына жол ашты. Классик-жазушының 60-жылдары жазылған «Сөз жоқ, соның іздері», «Өмір жорығы», «Қаз қалпында», «Қарлы жаңбыр астында», «Жапон балладасы», «Қыран жыры» [8] атты туындылары қаламгер шеберлігінің үздік үлгісі ретінде де кейінгі жас жазушыларға өнеге мектебі ғана емес, өнерге жауаптылық пен тазалық, ұлтқа адалдық, талант пен еңбек бірлігінің қажеттігін көрсетті.

1970-1990 жж. әдебиет қазақ ұлтындағы жаһандық тұтастық әкелген жаңалықтарды өзгеше көрсетілуімен ерекшеленді. Бұл көбіне-көп қазақы мінездің өзгерісіне ықпал еткен қала, өндірісті негіз етіп алуымен ерекшеленді. Орыс тіліндегі білім, жаңа заман талаптарына ыңғайланған ұлт бойында да ұлттық белгілердің азайып, өзгеше қалыпқа түсе бастағаны анық аңғарылды.

Бұрынғы елдік, халықтық ортақ мінезге түскен өзгерістің бірі – басқа ұлт бойындағы мінезге құмарлық жазылды.

А. Таңжырықова қазақ прозасындағы фольклорлық және этнографиялық бейнелердің қайта жаңғыртылуының көркемдік үшін атқарар бірнеше сипаттарын береді.

- шығарма тақырыбы мен идеясына өзгеріс енеді;
- образдар жасалымы, көркемдік кестесі, композициялық құрылымы өзгереді;
- көркем мәтін астарындағы автор ұстанымы уақыт пен кеңістік мәселелеріндегі этно-мәдени сарындардың проза туындыларына тән өзгерістерге түседі;
- жазушының стильдік-даралық сипаты ашылады;
- қазақ прозасындағы образдардың қайта жаңғыртылуы арқылы реминациялық айшықтар жаңаша жасалады;

– зергер, құсбегі, аңшы бейнелеріндегі көркем прозадағы жаңғырған қалып авторлық таныммен өзгереді;

– этно-фольклорлық бейнелер жастарды тәрбиелеуде үлкен орын алады [1, 10 б.].

Қазіргі тәуелсіз ел әдебиетіндегі ұлттық белгілердің қайта орнығуына фольклордағы, этнографиядағы көркем кестелер әсер еткені анық. Көркемдік ойдың жаңа ғасырға қайта жасалуының себептерінің өзі де қоғамдық қажеттілік пен сұраныстан туындап тұрғаны белгілі. Ұлттық белгілерін қайта қарап, жоғын өткеннен іздеген халық талабы көркем ойға қайта оралтты. Бұл алдыңғы ойды қайталау емес. Барды қайта жасау, Сондықтан да боларғалым Ж. Дәдебаев: «Халық байырғы тұрмыс-тіршілігіне тән, этнографиясы мен ұлттық өмір сүру ерекшеліктеріне сәйкес, әбден орныққан, қалыптасқан фольклорлық, этнографиялық заңдылықтар мен ұғым-түсініктердің, ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрге қатысты қағида, ережелердің қатаң сақталуын және сонымен бірге көшпелі тұрмысқа тән көркем детальдардың орнымен қолданылуын айтуға болады» – дейтіндігін еске алсақ, халықтың ереже мен қағидаларды, тұрмыс пен тіршілікті сағынуы мен соның сақталуын қажетсінуі де қайта жаңғыртылуға себеп болады. С. Қирабаев қазақ әдебиетіндегі фольклорлық үлгілердің ерекшеліктері туралы:

- 1 Фольклор мұрасы көп және көп жанрлы.
- 2 Ертегілік мұра.
- 3 Эпостық шығармалар.
- 4 Тұрмыс-салт жырлары.
- 5 Көркемсөз үлгілерінен тұрады.
- 6 Халықтың өмір сүру жағдайын көрсетеді.
- 7 Тарихи тұрмысын суреттейді.
- 8 Дүниетаным, кәсіп, әдет-ғұрпын бейнелейді.
- 9 Оптимизмнің мол мәлімет беретінін айтады [2, 10 б.].

Фольклорлық прозаның өзін де д көркем бейненің өзі уақытқа тәуелді емес. Оны оқиғаларынан сырт алып, кез келген қоғамға алып келуге болады. Кеңістіктегі адамгершілік құндылықтар мен адамдар арасындағы қатынас фольклорлық үлгідегі сипатты қалаған себептердің бірі – 60-80-жылдардағы қоғамдық-әлеуметтік, саяси жағдай болса, екінші ғасыр басынан бастап халықтың жоғалтқаны, азабы мен қиындығы мол болды. Осы қиындықты бөлісетін, өткенді айтып, қиындықтың басқаларға да тән екендігін ашу қажеттілігі де туындады.

Қазақ әдебиетіндегі 20-ғасырдың 60-жылдарындағы этнографиялық сарындарға қайта бойлауы, сол тақырыптағы көркем туындылардың жазылуы ел есінен ұлт танымының суреттері ғана емес, түсінігі мен мәні де кетпегендігін анық байқатты. Бұл көркемдік ой, кейіпкер, сурет арқылы кең ашылды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 **Таңжарықова, А.** Қазақ прозасындағы этнографиялық және фольклорлық сарындар: Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. авторефераты. – Алматы, 2010. – 44 б.

2 **Қасқабасов, С.** Жаназық – Астана : Аударма баспасы, 2002. – 490 б.

3 **Бердібаев, Р.** Қазақ эпосы. – Алматы : Ғылым, 1982. – 229 б.

4 **Тойшанұлы, А.** Көне түрік бітік тастары // Қазақ әдебиеті, 2008. т. желтоқсан Тойшанұлы А. М. Мағауин жаңа прозасының алтын өзегі. // Жұлдыз. – 2010. – №7. – 182-191 б.

5 **Тойшанұлы, А.** Сыншы адалдықтың күзетшісі болуы керек! // Дала мен қала. – 2012. – 8 қазан.

6 **Тойшанұлы, А.** Эпос әлемінде-Ер Жанқожа // Ана тілі. – 2014. – 26 маусым, 2 шілде

7 **Тойшанұлы, А.** Қазақтың есті сөздері // Парасат. – 2009. – № 8. – 14-15 б.

8 **Шарабасов, С. О.** Бөкеев әңгімелері құрылымындағы фольклорлық сарындар // Изденіс. – 2000. – № 4-5. – 22-26 б.

9 **Сүйіншәлиев, Х.** 19-ғасырдағы қазақ әдебиеті – Алматы : Мектеп, 1986. – 237 б.

#### **М. МАҒАУИННИҢ «ШАҚАН ШЕРІ» РОМАНЫ: ТАБИҒАТ ПЕН ҚОҒАМ**

ЕЛІҚПАЕВ С. Т.

ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ҚАПАСОВА Б. Қ.

ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Роман, эпикалық жанр – сюжеті мол, кейіпкер бейнесін кең ашатын, оқиғасы бірнеше жылдарды қамтитын көлемді эпикалық шығарма. Қазақ әдебиетінде роман ХХ ғасыр басынан бастап жазыла

бастады. Алғашқы М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романынан кейінгі Ж. Аймауытовтың «Ақбілек», «Қартқожа», С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу», М. Әуезовтің «Абай жолы» (роман-эпопея), С. Мұқановтың «Өмір мектептері», Ф. Мүсіреповтің «Оянған өлке» т.б. романдары – қазақ қоғамының әр кезеңін кең суреттейтін туындылар.

Қазақ әдебиетінің 20-ғасырының 60-жылдарынан бергі әдебиетте роман жанры жаңа бағытта қарқын алды. Осы кезеңдегі жазушының «Көкмұнар», «Көкбалақ», «Шақан шері» романдарымен бірге «Аласапыран» дилогиясының орны өзгеше.

М. Мағауиннің әдебиет әлеміндегі алғашқы нық қадамдары туралы әдебиеттанушы Т. Сыдықов: «Адам жанының нәзік сырларын кейіпкерлердің өзіне аштырып, өмірді қолдан жасамауға, ойда жоқты бар етуге қаны қас, байыпты қаламгер келе жатқандығын паш етті. Өнер талабына адалдығымен, суреткерліксергектігімен оқырманын көп нәрсеге дөметтіріп тастады» [20, 72] – деген пікір айтады.

Қаламгердің қазақ әдебиетіндегі роман жанрына қосқан үлесі туралы айтқан кезде «Аласапыран» роман-дилогиясы туралы айтылуы шарт. Роман 1981-1983 жылдар жазылған. Бұл роман үшін жазушыға Абай атындағы Мемлекеттік сыйлық берілді.

Роман оқиғасы 16-ғасырдың соңы мен 17-ғасырдың 10-жылдарына дейінгі аралықтағы қазақ даласы мен орыс патшалығындағы басты мәселелерге арналған. Ұлт ретінде жаңадан қалыптаса бастаған қазақ халқының елдігін, мемлекеттігін сақтап қалу мәселесі төңірегіндегі әрекеттер, саяси тартыстар, әлеуметтік жағдайлар мен түрлі күрестердің бірде өршіп, бірде басылып тұрған шағы.

Роман-дилогияның орталық тұлғасына Дәшті-Қыпшақтың падишаһы Тәуекел ханның қалғаны (орнын басушы адам), Ұзын оқты Ондан сұлтанның баласы Ораз-Мұхамед алынған. Ораз-Мұхамед – қазақ өлкесі мен Ресей жерін жалғастырушы буын, рухани, дипломатиялық жақындықтың жанды көрінісі. Бар саналы ғұмырын Россия патшалығында өткізгендіктен ол туралы ғылыми еңбектердегі нақты мәліметтер де бар.

